



ИЗРАИЛЬ-ХАМАС ҚАҚТЫҒЫСЫ

3



«ALMATY FOOD FEST 2023»

Алматы – гастрономиялық
туризм астанасы

6



ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ Портал жұмысы ашық, жедел һәм әділ

7

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №133 (6426) 7 қараша, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет:

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Құны шамамен, 857 миллиард теңге болатын мүлік активтері
мен қаржы қайтарылды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің
төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.

Президентке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің биылғы 10 айда атқарған жұмысының нәтижелері жөнінде баяндалды. Осы уақыт ішінде елімізде жемқорлыққа қатысты 1500-ге жуық қылмыс тіркеліп, 1100-ден астам адамның ісі әшкереленді. Оның 158-і – түрлі деңгейдегі басшылар. Сотқа мыңнан астам іс жолданып, 282 миллиард теңге шығын өтелді.

Сонымен қатар, Агенттік төрағасы 2022 жылдан бері бюджетке және квазимем-

лекеттік сектор субъектілеріне құны шамамен, 857 миллиард теңге болатын мүлік активтері мен қаржы қайтарылғанын айтты. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасын жүзеге асыру аясында тапсырылу мерзімі кешіктірілген, қаржы жымқыру қаупі бар әлеуметтік нысандар құрылысына мониторинг жүргізіліп жатыр.

Азаматтық қоғаммен өзара тығыз қарым-қатынас орнату арқылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы іске асы-

рылуда. Қазіргі уақытта жемқорлықтың белең алуына бей-жай қарамайтын 2 мыңнан астам азамат бұл бастамаға атсалысып жатыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлыққа қарсы іс-қимылды және алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған жүйелі жұмысты жалғастыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

АБАЙ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Алматылық оқушыларға ұлы классик шығармалары
жаңа форматта ұсынылды

Алатау ауданында қала әкімдігінің қолдауымен жаңадан ашылған дарынды балаларға арналған Инновациялық шығармашылық орталықта Қазақстанның халық әртісі Шахмардан Әбіловтің «Толық адам, ой толғау, Хәкім Абай» атты шығармашылық кеші өтті. Моно-опера, моно-реквием түрінде өткен шара 300-ге жуық мектеп оқушыларының басын қосты.



Мәдени іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, көрнекті ақын Марфуға Айтқожина, Қазақстанның Еңбек Ері, ардагер-ұстаз Аягүл Миразова және классикалық өнерді сүйетін көрермен қатысты.

Алматылық оқушылар жаңа форматта ұлы классиктердің шығармаларымен таныса бастады. Белгілі әнші, вокалдық лириканың тамаша орындаушысы Шахмардан Әбіловтің есімі Қазақстанда ғана емес,

одан тыс жерлерде де кеңінен танымал. Бүгінде ұлттық опера өнерінің туын жоғары ұстап келе жатқан әншіні жұртшылық Ұлы Абайдың рухани мұрасын насихаттаушы ретінде де жақсы біледі. Абай өлеңдерінің әр сөзіне мән беріп, мағынасына терең бойлаған өнер иесі аталмыш кеште моно-опера, моно-реквием бағытындағы туындыларды орындады.

Кеш шымылдығы Ұлы Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» әнімен ашылды.

Көрермендер суретшінің әлемдік камера-лық және вокалдық классиканың үздік бөліктерін шебер орындауынан ләззат алды. Әнші Абайдың толғамдары мен философиялық көзқарастарын көрерменге шебер жеткізе білді. Моно-операдан ерекше әсерленген көрермен Абай өлеңдерін Шахмардан Әбіловпен бірге қосыла шырқады. Осылайша Алматыда мәдени-рухани жаңа форматтағы шығармашылық кештің тұсауы кесілді.

4

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.11.2023

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

8.11.2023

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ҰЛТТЫҚ ПАВИЛЬОН



Халықаралық импорт көрмесі:

ЖАҢАНДЫҚ ІСКЕРЛІК АЛАҢЫ

Қазақстан мен Қытай арасында сауда логистикасы табысты дамып келеді

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Қазақстан делегациясының басшысы ретінде Шанхайда өтіп жатқан VI-шы халықаралық импорттық көрменің (ҚХИК) ресми ашылу салтанатына қатысты.

Премьер-Министр барлық мүдделі қытайлық кәсіпорындарды ынтымақтастықты кеңейтуге шақырды. Қазақстан Үкіметі оларға қажетті қолдау көрсетуге және бірлескен жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасауға дайын. «Біз серіктестермен бірлесіп, болашақта жаһандық қауіптердің әсерін барынша азайтуға қабілетті экономикалық кооперацияның практикалық механизмдерін әзірлеуге және іске асыруға дайынбыз... Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, баршаңызды Қазақстанның павильондарына шақырамын. Онда біз түрлі салалардағы еліміздің озық жетістіктерін ұсынып отырмыз», – деді Үкімет басшысы. Ол сауда мен трансшекаралық электрондық коммерцияны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды екенін атап өтті.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Қытайдың халықаралық импорт көрмесі ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бастамасымен жыл сайын 5–10 қараша аралығында өткізіледі. Көрменің негізгі мақсаттары – сауда-экономикалық және инвестициялық өзара іс-қимылды жандандыру, сондай-ақ шетелдік тауарлар мен қызметтер үшін Қытай нарығын ашу. Сарапшылар мұны Қытайға «терезе» деп атайды. Быылғы көрмеге 69 ел мен 3000 компания қатысты. Айта кету керек, соңғы 5 жылда Қытайдың халықаралық импорт көрмесіне Қазақстаннан 133 компания қатысып, соның арқасында құны \$260 млн-нан астам сомаға тиімді экспорттық келісім-шарттар жасалған.

Оның айтуынша, 10 жыл ішінде Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бойында орналасқан елдермен тауар айналымының жалпы көлемі \$19,5 трлн-ға, ал инвестициялардың жиынтық көлемі – \$380 млрд-қа жеткен.

Шанхайдағы халықаралық импорт көрмесіне қатысушы елдер делегацияларының басшылары Қазақстанның Ұлттық павильондарымен танысты.

MADE IN KAZAKHSTAN БРЕНДИ мен жоғары сапалы тауарлар ауқымды Қытай нарығына шығарылады

Ұлттық павильон шеңберінде Қазақстан ауыл шаруашылығы, туризм, логистика, экспорт және инновация салаларындағы компаниялар мен жобалар арқылы келушілерге өзінің инвестициялық, сауда және өнеркәсіптік әлеуетін таныстырады. Австралия, Қытай, Куба және Сербия үкіметтерінің басшылары бар құрметті қонақтарға республиканың астық, май және басқа да азық-түлік өнімдерінің экспорттық мүмкіндіктері, келешегі зор инвестициялық жобалар, теміржол бағыттарының желісі және туристік көрікті жерлер таныстырылды.

«Бүгінде еліміз бен ҚХР арасында қазақстандық ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімдерін экспорттау бойынша 21 хаттамаға қол қойылды, бұл АӨК тауарларын Қытайға жеткізуді едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Бұл ретте Қазақстан Қытай нарығына экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты көлемін кеңейте алады. Тек өсімдік майы мен күнжара бойынша экспорттық әлеует \$300 млн-ды құрайды», – деді Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев Ұлттық павильонның тұсаукесер рәсмінде.

Қазақстан мен Қытай арасында сауда логистикасы да табысты дамып келеді. Бүгінде теміржол және автокөлік жолдарын, авиацияны камтитын маршруттық желі құрылды. Мысалы,

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік жол дәлізі жүктерді Еуропаға 10–12 күнде жеткізуге мүмкіндік береді. Еліміз халықаралық маңызы бар көлік-логистикалық торапқа айналу үшін елеулі күш-жігер жұмсауда. 2014 жылдан бері Ляньюньган портында қытайлық серіктестермен бірлесіп құрылған логистикалық терминал жұмыс істейді. 2023 жылдың мамыр айында Сиань құрғақ портында қазақстандық терминалдың құрылысы басталды. Алдағы үш жылда Қазақстанда 1300 шақырым жаңа теміржол салу, Қытаймен шекарада 3-ші теміржол өткізу пунктін ашу, «Бақты» және «Қалжат» жаңа құрғақ порттарын салу жоспарланып отыр. Яғни Қазақстан Еуропа мен Таяу Шығыс бағытында жүк тасымалдауға белсенді түрде қолайлы жағдайлар жасауда.

«АӨК-тен инновацияға дейін» коммерциялық павильоны аясында көрмеге 30-дан астам қазақстандық кәсіпорын, оның ішінде азық-түлік, ұн, сүт және алкоголь, кондитерлік және макарон өнімдерін, бал, тұз, ауыл шаруашылығы жануарларына арналған аралас қоспаларды өндірушілер қатысуда. Олардың қатарында «Алматы продукт», «Баян Сұлу», «Маревен Фуд Тянь-Шань», «Мибек», «Сұлтан Маркетинг», «Евразия Инвест», «Өскемен май зауыты», «ДЕП», Бахус» сияқты және т.б. компаниялар бар.

Қазақстандық коммерциялық стендті аралау барысында делегация басшылары отандық кәсіпорындардың өнімдерімен және ұсыныстарымен жан-жақты танысты.

• *Орталық Азия өңірінің Қытаймен сауда көлемі қарқынды өсіп келеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш \$70 млрд-қа жетті, оның 45-і Қазақстанға тиесілі.*

• *Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – маңызды бағыт. Қазақстан әлемдегі ең ірі бидай мен ұн өндірушілердің алғашқы оңдығына кіреді. Бүгінде Қазақстанның экологиялық таза майлы дақылдары, ет және басқа да өнімдері Қытайға экспортталуда.*

• *Қазақстан бүгінде Еуразия континентін Азия-Тынық мұхиты өңірімен байланыстыратын негізгі буынға айнала отырып, өңірлік көлік-логистикалық хаб ретінде маңызды стратегиялық рөл атқарып отыр. Қазір Қытайдан Еуропаға бағыт алған барлық құрлықтық-транзиттік тасымалдардың 85%-ға жуығы Қазақстанға тиесілі.*

• *Сиань қаласында және Грузияның Потти портында қазақстандық терминалдардың құрылысы қарқынды жүріп жатыр.*

• *Қазақстан-Қытай шекарасында 3-ші теміржол өткізу пунктін, «Бақты» және «Қалжат» өткелдерінде «құрғақ порттарды», Ақтауда контейнерлік хаб салу және Орта дәліз бойында Қара теңіздегі порт қуаттарын кеңейту көзделген.*

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҮРІМЖІ – АЛМАТЫ халықаралық автобус бағыты

Алматы мен Қытай Халық Республикасының солтүстік-батысындағы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының әкімшілік орталығы – Үрімжі қаласы арасында жолаушылар автобусы қатынайтын болды. Екі елдің шекаралық аймақтарын байланыстыратын бұл трансшекаралық жолдың арақашықтығы – 1150 шақырым, автобус бір бағытта шамамен 12 сағат жүреді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

Мүгедектікті белгілеу бойынша 57 мыңнан астам өтінім сырттай форматта қаралды

2023 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша мүгедектік тобын белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізудің сырттай форматы бойынша пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде Қазақстанның барлық өңірлерінен 57,5 мыңнан астам өтінім қаралды, бұл куәландырудан өткен мүгедектігі бар адамдардың жалпы санының 28,6%-ын құрайды.



Бұған дейін хабарланғандай, Ұлттық қорғамдық сенім кеңесінің VI отырысында Мемлекет басшысы ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барынша қолайлы жағдай жасауды, олардың инстанциялар мен қағазбастылық бойынша жүруін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің көрсетілетін қызметті алушылармен байланысын болдырмауды тапсырды. Осы тапсырманы орындау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Денсаулық сақтау мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен бірлесіп Қазақстанның барлық 20 өңірінде пилоттық режимде медициналық-әлеуметтік сараптама (МӨС) жүргізудің сырттай форматы бойынша жобаны іске асыруда.

Мүгедектік тобын белгілеу жөніндегі қызметті алу үшін өтініш берушіге тұрғылықты жері бойынша емханаға жүгіну және қажетті тексеруден өту қажет, қалған процестер ақпараттық жүйелерді интеграциялау есебінен оның қатысуынсыз өтеді. Сырттай куәландыруға көшу әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді жояды; МӨС сараптамалық шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз етеді; мүгедектікті белгілеу және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау шараларын анықтау бойынша қызметтерді үйден шықпай-ақ алуға мүмкіндік береді; көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушімен тікелей байланысын болдырмайды, сол арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

Су ресурстары және ирригация министрлігі

ЕКІ ЖАҢА БАСҚАРМА

Су тапшылығына байланысты нақты міндеттерді шешумен айналысады

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің жанынан екі жаңа басқарма құрылады. Олардың бірі Орталық Азия елдерімен қарым-қатынас мәселелерімен айналысады, екіншісі Қытай Халық Республикасымен және Ресей Федерациясымен өзара іс-қимылға назар аударады.



ҚР СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ ЖАНЫНАН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ БАСҚАРМАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

«Қазақстанда суармалы жерлердің 80%-ы оңтүстік өңірде. Сондықтан Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру қажет. Мұндай функцияларды бөлу біздің шетелдік әріптестерімізбен өзара қарым-қатынасты нығайтуға және нақты міндеттерді шешуге шоғырлануға көмекте-

седі», – деді ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

ҚР Орталық сайлау комиссиясы

ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлау қорытындылары жарияланды

5 қарашада Мемлекет басшысының бастамасымен алғаш рет пилоттық аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау өтті. Өкілеттілерге сәйкес облыстардың мәслихаттары осы сайлауды өткізу үшін 42 аудан мен 3 облыстық маңызы бар қаланың тізбесін бекітті.



1553 сайлау комиссиялары: 17 облыстық, 3 қалалық, 42 аудандық және 1491 учаскелік сайлау комиссиялары жұмылдырылды. Сайлау балама негізде өтті. Сайлау бюллетеньдеріне 125 кандидат енгізілді. Сайлаушылардың келуі – 62,79%. Сайланған әкімдердің орташа жасы 46,7 жасты құрайды. Сайлау науқаны республиканың сайлау заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес өтті. Дауыс беру күні байқауды Қазақстан Республикасының 8500-ге жуық кандидаттардың сенім білдірілген адамдары, байқаушылары мен БАҚ өкілдері жүзеге асырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөздер: primeminister.kz; ortcom.kz).



БАЙЫПТАМА

Мұндай білтелі істе жіптің алыс бір мұшын ұстап сыртқы ойыншылардың жүретіні де белгілі. Десе де, әр тарап жанжалдың ауа жайылып бара жатқанына аландаулы. Аймақтағы ішкі-сыртқы ойыншылар да өзара диалог жүргізіп, қақтығыстың салдарын талқылап жатыр. Аймақ ішінде белсенді ішкі ойыншы саналатын Түркия мен Иран барлық мүдделі тарапты үстел басында бас қосуға шақыруда. Дегенмен, үрдістің сипаты бір ғана аймақтық мәселеде емес. АҚШ, Ресей, Қытай сынды ірі ойыншылар да осы мәселеде түрлі мүдде тұрғысынан әрекет етеді. Осыншалық аңдатпадан кейін бүгінгі сөз-сарапты «Израиль–ХАМАС қақтығысы біздің іргеміздегі екі державаға қалай әсер етті, олардың ұстанымы қандай?» деген сауал төңірегінде өрбітеміз.

Күтпеген

дипломатиялық қадам

Әу баста Таяу Шығыста жаңа соғыс майданының ашылуы солтүстік көршімізге қолайлы шарт түзеді деген пікір айтылған. Тіптен олай болуы да ектіалай. Израиль–Палестина мәселесінде Ресей позициясы бұрыннан белгілі. Көбінше, 1967 жылғы шекараны негіз еткен және тәуелсіз Палестинаның құрылуын қуаттап келеді. Бейжің де тура осы ұстанымды ұстанған. Мәскеу бұл тарихи дау-дамайда Израильге қарсы тарапқа қолдау көрсетуші ретінде көрінеді. Соған қарамастан, Ресей–Израиль қарым-қатынасы тым салқын емес. Қалыпты дипломатиялық байланысты ұстаған. Бірақ бұл жолы Тель-Авив «ХАМАС-ты ашық айыптамады» деп Мәскеуге сын айтты. Оның үстіне РФ тарабы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде ХАМАС-ты айыптаған резолюцияға вето қойды. Бұның бәрі солтүстік көршіміз жағынан күтулі позиция қатарында есептеледі.

Ал соғыс басталғаннан кейін ХАМАС делегациясын Мәскеуге шақыруы көп тарап үшін күтпеген дипломатиялық қадам болды. Өткен аптадағы бұл оқиға Тель-Авивтің айыптауына да ұшыраған болатын. Бірақ жалпы жағдай тұрғысынан, Израиль–ХАМАС соғысы кейбір энергия экспорттаушы елдермен Ресейді бір шепке қарай шоғырландырды. Мұнда зардап шегуші Еуропалық одақ болуы мүмкін. Себебі, Балтық жағалауындағы газ қорында болған апатты жағдайдан кейін, Еуропа қысқы энергия мәселесінде қорқынышқа тап болды. Қазір Еуропаның энергия импортында Ресей айтарлықтай орын иеленбейді. Бірақ Таяу Шығыста тұтанған от жағдайды өзгертуі мүмкін. Израильді қолдаған Батыс елдеріне

ИЗРАИЛЬ–ХАМАС ҚАҚТЫҒЫСЫ

іргеміздегі екі державаға қалай әсер етті, олардың ұстанымы қандай?

Израиль–ХАМАС арасындағы жаңа әрі ауқымды қақтығыстың басталғанына бір ай толды. Осы уақытта Газада қаза болғандар саны төмен санға жетіп қалды. Ал Тель-Авив өзіне қол салған ұйымды түгел жоймай тынбайтынын айтады. Қазіргі шабуыл екпініне қарағанда, қарулы топты жойып біткенше Газа секторында бірде-бір бүтін кірпіш қалмайтындай. Атшаптырым аумақта ғана болып жатқан қақтығыстың дүмпуі дүниенің төрт бұрышына жетіп жатыр. Тіпті, соғыс оты аймаққа жайылып кете ме деген қауіп те бар. Бірер ұрпақ өмірінде тоқтамаған Израиль–Палестина жанжалы қазір жаңа екпін пен жаңа деңгейге ойысқан. ХАМАС қаруын сайлап Газадан қабырғасын бұзғанға дейін де әлем жағдайы аласапыран болатын. Таяу Шығыстағы соғыс оты әлемнің жанжал көрігін тіпті де қыздырып жіберді. Таяу Шығыстағы бұл соғыстың тұтас әлемдегі геосаяси жарылыс үрдісімен қатар болуы да көп нәрсені түсіндіреді.



көбінше Палестинаны жақтаушы Катар, Алжир және Мысыр секілді ислам елдері газ экспорттап отыр. Ресей осы елдермен тығыз қарым-қатынасын алдағы уақытта «газ соғысына» пайдалануы ғажап емес.

Ал Газадағы соғыс майданы Украинадағы жағдайға да белгілі әсерін беретіні анық. Әлемнің жаңа нүктесіндегі ашылған майдан ірі державалардың стратегиялық қадамдарын жанартып жатқандай. ХАМАС делегациясымен қатар Иран өкілдерінің де Мәскеуде болуы Кремльдің осы бағыттағы іс-қимыл ауаны қайда бағыт алғанын аңғартады. Израиль–Палестина бойынша Тегран мен Мәскеудің ұстанымдары жақындай түскен. Ал Дағыстанның Махачкала әуежайында болған оқиға ресми билік ұстанымынан алшақ болса да, антиснионистік әрекеттің дүмпуі Израильге дейін жетпей қалған жоқ. Оның үстіне АҚШ бастаған батыстық стратегиялық бәсекелестер Израильді қолдап тұрған кезде Мәскеу үшін тең ортадағы позицияны қарману барған сайын қиындау түсуде.

Бейжің

Орта Шығыста белсенді

Әлемнің болашақ картинасына әсер ететін мәселеде әр тараптың іс-қимылы өз алдына маңызды. Десе де, жаңа ірі держава ретінде қалыптасқан шығыс көршіміздің ұстанымы да назар аударатын тақырып. Байқағанымыздай, Қытай Израиль–Палес-

тина арасындағы жанжалды тоқтатуға бұрынғыдан да белсене кіріскен. БҰҰ жиындарында оқ атыспау келісімін түзуді пәрменді қолдауда. Тіпті, осыған дейін Құрама Штаттармен бәсекелес күйде тұрған Қытай бір қадам шегініс жасап, Вашингтонмен диалог жүргізуге ынты танытты. Қазіргі СІМ жетекшісі Уан И (Ван И) америкалық әріптестерімен мәселені талқылады. Орта Шығыс бойынша өкілі тікелей пікір алмасу үшін араб елдерін аралап қайтты. Бейжіңнің ХАМАС–Израиль бойынша позициясы Мәскеуге жақын. Дегенмен, жанжалға арағайындық етуге күш салып жатқаны байқалады.

Қытай Орта Шығыстағы ықпалды ойыншы болып саналмайды. Бірақ аймақтағы ішкі ойыншылар Түркия, Иран, Сауд Арабиясы сынды елдермен тұрақты әрі теңдей мәмілесі бар. Тіпті, терең тарихи қайшылыққа ие Иран мен Сауд Арабиясын биыл бір үстелдің басында кездестіргені тағы бар. Ол ғана емес, Қытай Иранның қазіргі ең ірі сауда серігі. Сондықтан да америкалық шенеуніктер Бейжің Тегранмен тығыз мәмілесін пайдаланып, ХАМАС-ты диалогқа келтіре алар деп үміттенеді. Бұған қарап Палестинаны қолдаушы тарапқа сөзі өтімді Қытай мен Израильге сөзі жүретін АҚШ ортасында келісім жасалса, Газадағы ұрыстың жалғасуына негіз жоқтай көрінеді.

Десек те, мәселенің ауқымы мен астарына қарап соншалықты оңай емес екенін де білеміз. Қытайдың арағайын болуына кедергі

факторлар көп. Оның бірі – Бейжің мен Тель-Авив қарым-қатынасында жатыр. Израиль ХАМАС-ты ашық айыптамағаны үшін Қытайға наразы. Ресми ұстанымы болмаса да, ішкі ақпараттық кеңістігінде Израильдің Газадағы әрекетін «геноцид» деп бағалау күшейген. Оның үстіне, Қытайда израильдік дипломаттың отбасы мүшесіне шабуыл жасалды. Ал соңғы жылдары Бейжің Палестинаға көбірек іш тартып жүрген болатын. Тіпті, сонау Мао дәуірінде де палестиналықтарға қолдау көрсеткен тарихы тағы бар. Мұның бәрі оның Израильмен тіл табысуында кедергі келтіретіні анық.

Израиль–Палестина мәселесінде Қытайдың арағайындыққа ұмтылуын әр тарап әртүрлі қабылдауы мүмкін. Кейбірі мұны аймақтағы экономикалық мүдделерін қорғап қалу деп түсінсе, кейбірі жағдайды пайдаланып, халықаралық беделін күшейтпек деп қабылдайтыны анық. Мұндай көз-қарасқа Қытай СІМ жетекшісі Уан И мырза жауап бергендей болды. «Қытай Палестина мәселесінде ешқандай жеке мүддені көздемейді» дегені бар. Қалай болған күнде де Бейжің аймақтағы жағдайға бұрынғыдан белсенді бет бұрғаны анық байқалады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



САРАПТАМА

2023 жыл, 29 қазан:

САЙЛАУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Биыл 29 қазанда еліміздің біраз өңірінде сайлау өтті. Жергілікті халық мәслихат депутаттарын сайлады. 19 наурызда Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттарға сайлау өткен еді. Сол уақыттан бері кейбір депутаттар түрлі себептермен өз мандаттарын тапсырған болатын. Ендеше, сайлау қорытындыларымен танысып өтсек.

Саяси партиялар сергек

29 қазанда еліміздің 11 өңірінде сайлау өтті. Абай, Ақтөбе, Алматы, ШҚО, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, СҚО облыстарында және Алматы қаласында сайлауға келген халық өз таңдауын жасады. 21 сайлау округы бойынша мәслихат депутаттары сайланды. Барлығы 2 облыстық, 7 қалалық және 12 аудандық мәслихаттар.

Сайлауға 69 үміткер қатысты. Бір орынға орташа есеппен, үштен аса адам таласты. Ең үлкен бәсеке Алматы қаласында тіркелді. №4 сайлау округінде 6 үміткер қатысты. Жетісу облысында бәсеке төмен болды. Бір орынға 2 адам бәсекеге түсті. Сайлау науқанында саяси партиялар белсенділік танытты. Сайланған 21 депутаттың 15-ін партиялар ұсынса, 6-ауы өзін-өзі ұсынғандар. Бұл жолы да «аманаттықтар» белсенділік танытты. Жөніске жеткен үміткерлердің 18-і ерлер және 3-еуі әйелдер. Бұл әлі күнге дейін гендерлік дисбаланс бар екенін көрсетеді.

Абсентеизм әлі бар...

Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, дауыс беруге құқылы азаматтардың 40,25%-ы сайлауға келген. Демек, сайлаушылардың жартысынан астамы электоралды кезеңнен тыс қалды деген сөз. 60%-ға жуық азамат(-ша) саяси науқанға қатыспады. Азаматтардың саяси өмірден тыс қалуын ғылымда абсентеизм дейді. Олардың не үшін сайлауға қатыспағаны бізге беймәлім. Әлеуметтік сауалнама жүргізбедік. Десе де, абсентеизмге бірнеше себеп болуы мүмкін.

Халықта әлі күнге дейін біз еш-нәрсе шешпейміз деген көзқарас бар. Бұл – ең басты себеп. Екіншіден, бұл саяси таңдау болуы да мүмкін. Бұл жерде абсентеизм мен аскеттік өмірді бірге қарастырған жөн. Яғни кейбір азаматтар саяси өмірге саналы түрде араласпаймыз деп шешуі мүмкін. Абсентеизмге қарамастан сайлау өте береді. Себебі, ешкімді мәжбүрлеп сайлауға қатыстыра алмаймыз. Әркімнің өз еркі өзінде.

Солтүстік өңірлер белсенді

Сайлауға Солтүстік Қазақстан, Жетісу және Павлодар облыстары тұрғындары белсенді қатысқан. Өңірлер бойынша қарайтын болсақ, солтүстік өңір саяси белсенді. Ақжар ауданында (СҚО) 78%, Павлодар облысының Ертіс ауданында 72% адам саяси таңдау жасады. Жетісу облысының барлық ауданында 70%-дан астам адам сайлауға

келген. Тіпті, Ақсу ауданында 80%-дан асып кеткен.

Жалпы, қалаларда халықтың сайлауға бару көрсеткіші төмен. Республикалық маңызы бар Алматыда ең төмен көрсеткіш тіркелді. Қалалықтардың 14%-ға жуығы өз таңдауын жасаған. Сол сияқты, Тараз (25%-ға жуық) және Қонаев (33%-дан астам) қалаларында да азшылық байқалды. Ал Семей (44%-ға жуық), Приозерск (56%-ға жуық) және Ақтөбе (61%-ға жуық) қалаларында тұрғындар белсендірек. Осылайша ақтөбеліктер қалалардың ішінде саяси үрдіске етене қатысқан.

Жалпы, батыс өңірлер де белсенділік танытты. Ақтөбе қаласынан бөлек Маңғыстау ауданында 44%-ға жуық адам дауыс берген.

Ал Жамбыл облысының халқының белсенділігі өте төмен. Бірақ мұнда Тараз қаласындағы төмен көрсеткішті ескерген

Өңірлер	Қатысқандар (%)
Абай облысы (Семей қаласы)	43,9
Ақтөбе облысы (Ақтөбе қаласы)	60,8
Алматы облысы (Іле, Кеген, Қарасай аудандары және Қонаев қаласы)	52,34
Алматы қаласы	13,68
ШҚО	56,36
Жамбыл облысы (Тараз қаласы, Қордай ауданы)	37,09
Жетісу облысы (Ақсу, Қаратай, Кербұлақ аудандары)	75,27
Қарағанды облысы (Приозерск қ.)	55,58
Маңғыстау облысы (Маңғыстау ауданы)	43,5
Павлодар облысы (Ертіс ауданы)	71,88
СҚО (Ақжар ауданы)	77,54

жөн. Дегенмен, Қордай ауданында 62% адам дауыс берген.

Алматы агломерациясы

Алматылықтар әлі күнге дейін саяси өмірге белсене араласпай келеді. Бұл қалалықтарға да облыстағыларға да қатысты. №4 сайлау округы бойынша сайлауға құқылы 52 015 қалалықтың 7117-сі ғана таңдау жасаған. Сайлау қорытындысы бойынша Алматы қалалық мәслихатының депутаты болып Бакарасова Елена Евгеньевна сайланды. Оған сауалға қатысқандардың 65,36%-ы дауыс берді.

Ал Алматы облысында 52% адам сайлауға келген. Іле (62%) және Кеген (61%) аудандарында бұл көрсеткіш жоғары. Қарасай ауданында керісінше төмен. Мұнда аудан тұрғындарының 48%-дан астамы дауыс берген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әкімдер де сайланды

Жаңа саяси маусым қызу басталды. Алдымен халық депутаттарды сайлады. Ол туралы жоғарыда талдадық. Ал күні кеше – 5 қарашада аудандар және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері сайланды. Бұл саяси жүйені демократияландырудағы келесі қадам болды. Ол туралы терең сараптамалық материалды газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар.

Пердехан ШӨМШИНЕВ,
сарапшы.





РУХАНИЯТ

АБАЙ МҰРАСЫ –
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚАлматылық оқушыларға ұлы классик шығармалары
жаңа форматта ұсынылды

(Басы 1-бетте)

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында «толық адам» тағалымы туралы ерекше атап өтті. Сол «толық адамды» біз Абайша ұқсақ алдыңғы қатарлы ел боламыз. Бүгінгі шығармаларымды, өнерімді елімнің болашағына арнаймын. Ұлы Абайдың ұлағатты сөздері келген жастардың санасына сәуле болып таралса, мен бақыттымын», – деді Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Шахмардан Әбілов.

Ерекше форматта ұйымдастырылған әдеби кеште Абай Құнанбайұлының 12 әні орындалды. Концерт соңында Шахмардан Әбіловке қазақы дәстүрге сай шапан сыйға тартылып, Алматы қаласы әкімінің арнайы ықылас гүлі табысталды.

– Айналайын, жұртшылық, біз бүгін Шахмарданмен емес, Абай атамызбен кездескендей болдық. Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің қайнар

бұлағы екенін жақсы түсінеміз. Ақын өлеңдеріне жазылған әндерді шырқау арқылы көрерменнің жүрегіне жылу бердіміз. Жас ұрпаққа берері мол мұндай кештер алдағы уақытта бұдан да үлкен сахналарда өтуі тиіс деп есептеймін. Бүгінгі рухани кешіңіз үшін сізге рахмет! – деді Аягүл Миразова.

Жүрекжарды лебізін білдіруге сахнаға көтерілген Марфуға Айтқожина Шахмардан Әбіловке «Операның тірі Абайы» деп баға беріп, әншіге арнаған өлеңін оқыды.

Дарынды балаларға арналған инновациялық орталықтың үйлестірушісі Манас Тайкеновтың айтуынша, мұндай ауқымдағы шара орталықта алғаш рет өтіп отыр. Ондағы мақсат – оқушылардың әдебиетке, ұлттық өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

«Жасөспірімдерді ұлттық құндылыққа баулудың бірден-бір жолы – Абай мұралары екені сөзсіз. Өйткені, Абай атамыздың шығармаларында тұнып

тұрған тәрбие бұлағы бар. Орталығымыздағы алғашқы әдеби кешті Абай атамыздың өлеңдерінен құралған моно-опера ретінде өткізіп отырмыз. Оқушыларымыз Шахмардан Әбіловтің шығармашылығымен танысып, классикалық музыкамен сусындады. Елімізге танымал тұлғалармен осындай жылы жүздесулерді жиі ұйымдастырып, ұрпақтар сабақтастығын одан әрі нығайта түсеміз деген сенімдемін», – деді Алатау ауданы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығының үйлестірушісі.

Айта кетейік, дарынды балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын қолдауға арналған орталық 3 қабаттан тұрады. Жастардың шығармашылық дамуына барлық жағдай жасалған. Аптасына 5000-ға жуық бала қабылдайды.

Оқушылардың әдеби әрі мәдени танымдылығын арттыру мақсатында аталмыш өнер иесімен кездесуді қалалық Білім басқармасы ұйымдастырды.

БАСПАНА

ҚОНЫС ҚҰТТЫ
БОЛСЫН!Алматыда кезекте тұрған 46 отбасы
жаңа тұрғын үй кешенінен пәтер кілтін алды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен кезекте тұрған көпбалалы отбасыларға және халықтың әлеуметтік жағынан осал тобының өкілдеріне Түркісіб ауданы Қонаев атындағы тұтыну кооперативінде («Жас қанат» ш/а.) жалдамалы пәтерлер берілді.

Ауданы 60 шаршы метрден 85 шаршы метрге дейінгі жаңа пәтерлердің кілтін тұрғын үй кезегінде тұрған 46 көпбалалы отбасы алды. Іс-шараға Коммуналдық инфрақұрылымдық дамыту басқармасы, Құрылыс басқармасы, сонымен қатар, мердігер ұйымның өкілдері қатысты.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымдық дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы аумақты бағаттандыру жұмыстары аяқталған бетте кезекте тұрғандар үйлеріне кіретінін айтты.

– Алматы әкімдігі тұрғын үй кешенінде дамыған инфрақұрылымды құруға ден қояды. Мұнда спорт және балалар алаңдары жабдықталған, мектеп бар, жаңа балабақша салынып жатыр, келесі

жылы тұрғындардың демалысы мен бос уақытын пайдалы өткізуге арналған орындар бой көтереді, – деді ол.

Барлығы «Жас қанат» шағынауданында кезекте тұрғандарға 401 жалдамалы пәтер беру жоспарланған болатын. Үй кезең-кезеңімен беріледі. Бірінші кезең тұрғындарға ыңғайлы кез – жаңа оқу жылы қарсаңында – тамыздың соңында басталды. Екінші кезең қыркүйекте басталды. Барлығы 300-ден астам отбасы қоныстанды.

Айта кетейік, Қонаев атындағы ТК-дегі үйлердің құрылысы 2021 жылы қолданыста болған «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамуының 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында басталған.

БІЛІМ

БЕС МЕКТЕП,
БЕС БАЛАБАҚШАбілім беру инфрақұрылымын дамытуға және
балаларды оқытуға қолайлы жағдай жасаудағы
маңызды қадам

Алматы қаласы Наурызбай ауданында жаңа мектептер мен балабақшалардың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл оқушы орындарының тапшылығын азайтуға, білім беру саласының жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «Qazaq stroy» ЖШС құрылыс компаниясы 2400 орынды екі жаңа мектептің құрылысын қолға алған. Екі мектептің бірі «Алем сити» ТҮК аумағында орналасқан. Құрылыс жұмыстары 2024 жылдың бірінші тоқсанында аяқталады. Екінші мектеп «Алма Сити-4» тұрғын үй кешені Алатау даңғылының бойына салынады. Жоспар бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары 2024 жылдың төртінші тоқсанында аяқталады.

Сонымен қатар, 2023 жылдың қыркүйек айында «Құрамыс», «Шұғыла» шағынаудандарында («Нұрлы Дала» ТҮК) және Сәбденов көшесінде 5500 оқушыға арналған үш қосымша мектептің құрылыс жұмыстары басталды. Бұл жобалардың мердігері – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ.

Білім беру инфрақұрылымын жақсарту мақсатында Білім басқармасы 375 оқушыға арналған №174 мектеп-гимназия ғимаратына қосалқы ғимарат құрылысын салу бойынша жоба әзірледі. Құрылыс жұмыстары осы жылдың қараша айында басталуға тиіс.

Бұған қоса, «Шұғыла» шағынауданында 320 орынды балабақша салынып жатыр. Мердігер компания «Астана Строй Инвест» ЖШС бұл жұмысты 2023 жылдың соңына дейін аяқтауды жоспарлап отыр.

2024 жылға жоспарланған жобалар:

1. «Шұғыла» ш/а («Нұрлы Дала» ТҮК) – 320 орынды балабақша;
2. «Құрамыс» ш/а – 320 орынды балабақша;
3. «Қалқаман-2» ш/а – 240 орынды балабақша.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





● КОНФЕРЕНЦИЯ



ҚАНТ ДИАБЕТІ

Ұлттық деңгейде
талқыланады

Елімізде Дүниежүзілік қант диабетімен күрес күніне арналған Ұлттық баспасөз конференциясы өтеді. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі хабарлады.

Ұлттық баспасөз мәслихаты 9 қарашаға жоспарланған. Оған мұрындық болып отырғандар – «Ново Нордиск Қазақстан» ЖШС компаниясының қолдауымен ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Осы орайда айта кетсек, жыл сайын 14 қарашада Дүниежүзілік қант диабетімен күрес күні аталып өтеді. Бұл – инсулинді ашқан ғалымдардың бірі, Нобель сыйлығының лауреаты Фредерик Бантинг дүниеге келген күн.

Халықаралық диабет федерациясының (IDF) деректеріне сүйенсек, әлемде шамамен 537 миллион адам қант диабетімен ауырады. Ал біздің елде бірінші және екінші типтегі қант диабетімен ауыратын 400 мыңнан астам пациент бар. Олар жылына 18 мыңнан 30 мыңға дейін жаңа ауруға шалдығады. Қазақстан мен әлем бойынша эпидемиологиялық

деректер сырқаттанушылық ауыртпалығының тұрақты өскенін және пациенттер санының артқанын көрсетіп отыр.

Ұлттық баспасөз конференциясының мақсаты – Қазақстан Республикасы халқының қант диабеті туралы хабардар болуын арттыру. Алқалы жиында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бас штаттан тыс балалар эндокринологы Гүлмира Әбдухасова, ДСМ өкілі Руслан Зәкиев және тағы басқа да сол салада жүрген мамандар сөз алады. Ал талқыланатын негізгі тақырыптар: Республикадағы қант диабетімен ауыратын адамдарға медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау жүйесінің жетістіктері; елдегі қант диабетінің эпидемиологиясы; қант диабеті – пациенттің көзімен; ДСМ мен бизнестің қант диабеті саласындағы бірлескен әлеуметтік бастамалары.

● ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТОПЕДИЯ

МАКО ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Алматыда робот көмегімен тізе және жамбас буындарын ауыстыру отасы жасалады

Алматының №4 қалалық клиникалық ауруханасы роботтың көмегімен Қазақстанда және Орталық Азияда алғашқы ортопедиялық операциялардың басталғаны туралы хабарлайды. Бүгін Қазақстанның медициналық тәжірибесіндегі айтулы күн – инновациялық ортопедияның жаңа кезеңі.

Ортопедия саласының танымал маманы Миранбек Оңғарұлы Жұмағұловтың жетекшілігімен және Приоров атындағы Ғылыми-медициналық зерттеу орталығының (Мәскеу) маманы Алексей Андреевич Шумскийдің қатысуымен жалпы тізе мен жамбасты тоталды эндопротездейтін, сондай-ақ тізе буынын протездейтін алғашқы операциялар жасалмақшы.

Stryker компаниясы ұсынған Mako тех-

нологиясы дәл және болжамды хирургиялық нәтиже береді, қалпына келу уақытын жеделдетеді және протездің қызмет ету мерзімін ұзартады. Mako технологиясын қолдана отырып, тоталды эндопротездеу жасатқан науқастар бірегей отадан соң қалыпты да белсенді өмірге тез оралуға болатынын айтады. Бірегей операциялардың қалай өткені туралы келесі нөмірде тарқатын боламыз.

● СЕМИНАР

ФТИЗИАТРЛАР ҰСЫНАР МӘСЕЛЕ КӨП

Елімізде туберкулезден болатын өлім 20%-ға төмендеді

Алматыда ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фтизиопульмонология ұлттық ғылыми орталығы «ҚР фтизиатриялық және пульмонологиялық қызметтерін дамытудың» 2023–2025 жылдарға арналған Жол картасын және ЖИТС, туберкулез және безгекпен күрес жөніндегі жаһандық қор жобасын іске асыру мақсатында республикалық семинар өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – нысаналы индикаторларды ескере отырып, туберкулездің ауыртпалығын төмендету бағытындағы іс-қимылдар сапасы мен тиімділігін көтеру. Семинарға келген облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының денсаулық сақтау басқармалары мен фтизиопульмонология орталықтарының басшылары «Туберкулезді жою» стратегиясы шеңберінде іс-шараларды ұйымдастыру бойынша әлеуетті арттыру» тақырыбын қарастырды.

Семинардың ашылуында сөз алған Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры Азамат Дүйсенов Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған туберкулезді

диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістерін қолдану нәтижесінде елімізде біраздан бері туберкулезбен ауыратындар саны мен осы дерттен көз жұматындар көрсеткіші едәуір төмендегенін атап өтті.

Биылғы 9 айдағы деректерге сүйенсек, туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 34,9-ды құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 6,1%-ға төмендегенін (37,2) білдіреді. Ал туберкулезден болатын өлім 100 мың тұрғынға шаққанда 1,2-ні құрады, бұл 2022 жылғы деректермен салыстырғанда, 20%-ға азайғанының (1,4) көрсеткіші.


А.Дүйсенов қауіп топтарын сапалы қалыптастыру, уақытылы тестілеу, туберкулез инфекция-

сын емдеу, сондай-ақ фтизиатриялық қызметтің кадрлық әлеуетін нығайту сияқты туберкулездің профилактикасы мәселелеріне ерекше назар аударды.

Семинарда өңірлердің туберкулезге қарсы бағдарламасының зертханалық компонентін тиісінше ұйымдастыру, белсенді туберкулезді, МСАК деңгейінде туберкулез инфекциясын анықтау жөніндегі іс-шаралар, халықтың негізгі топтарының арасында туберкулезді анықтау бөлігінде ҰЕҰ-мен өзара іс-қимыл мәселелері талқыланады. Сондай-ақ, ДДҰ-ның туберкулез індетін жою жөніндегі стратегиясын іске асыру мақсатында туберкулезге қарсы іс-шараларды жетілдіру бойынша одан әрі іс-қимылдар әзірлеу бойынша топтық жұмыстар жоспарланған.

Медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейінде туберкулездің профилактикасын және емдеу жөніндегі іс-шараларды сапалы іске асыру туберкулез ауыртпалығын төмендетуге және ел халқының денсаулығын жақсартуға әкелетіні сөзсіз.

● МАМАН КЕҢЕСІ



МЕНИНГИТ

көбіне күз, қыс мезгілдерінде бас көтереді

Мегаполистері №11 қалалық емхана дәрігері Алмаш Ардабаева балаларда болатын менингиттің алғашқы белгілері туралы айтып берді. Дәрігер менингиттің өте ауыр дерт екенін, оны неғұрлым тез анықтау қажеттігін де баса айтты. Бұл ауру көбіне күз, қыс мезгілдерінде бас көтереді.

«Менингитті ЖРВИ-мен шатастыру оңай, өйткені белгілері ұқсас – жөтел, мұрыннан су ағу жоғары температура, бастың ауруы, құсу. Менингит кезінде бас қатты ауырады. Сондай-ақ, бала көз және мойынның ауырсынуына шағымдануы мүмкін, құсады, ауыр интоксикация орын алады, егер менингококкемия қосылса, теріде геморрагиялық бөртпе пайда болады. Нәрестелерде болатын симптомдар: жоғары температура, мазасыздық, тоқтаусыз монотонды жылау, емшектен бас тарту. Жімі кезеңнің аяғы өте жылдам өтуі мүмкін, яғни баланың жасадайы жақсарады, одан кейін ауыр асқыну орын алады», – дейді Алмаш Ардабаева.

Міне, осындай белгілер байқалған жағдайда, дереу емханаға бару немесе жедел жәрдем шақыру керек.

Педиатр менингит дер кезінде анықталса, оны бактерияға қарсы терапия арқы-

лы сәтті емдеуге болатынын атап өтті. Ал тым кешіккен жағдайда, дерт асқынып, интеллект төмендейді, ми ісінеді, құрысу, керендік, соқырлық, салдану, тіпті өлім орын алуы мүмкін.

«Ауру қарқынды дамиды. Менингиттің кез келген этиологиясы бар науқас стационарлық емдеуді қажет етеді, тәулік бойы медициналық бақылауда болады. Уақытылы емделу нәтиже береді», – дейді дәрігер.

Өзіңізді және балаларыңызды менингиттен қорғау үшін жеке гигиенаның негізгі ережелерін сақтау керек:

- тамақ ішер алдында қолыңызды дұрыстап жуыңыз;
- көкөніс пен жемістерді мұқият жуыңыз, қайнаған сумен шайыңыз;
- тек қайнаған немесе бөтелкедегі суды ішіңіз;
- адам көп жиналатын жерден аулақ болыңыз;
- бөлмелерді жиі желдетіп отырыңыз.

● IGCS-2023



АЛМАТЫЛЫҚ ОНКОЛОГ

халықаралық конференцияға
шақыру алды

Қазір Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында Халықаралық онкогинекология қоғамының IGCS-2023 конференциясы өтіп жатыр.

Алқалы жиынға бізден Алматы онкологиялық орталығының онкогинекология бөлімшесінің меңгерушісі Райхан Болатбекова қатысып жатыр.

Конференцияда 2 баяндама, 2 постер-баяндама, сондай-ақ

Алматы онкологиялық орталығының дәрігерлері қатысқан күрделі зерттеулер нәтижесі ұсынылады деп күтілуде.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ФЕСТИВАЛЬ

«Almaty Food Fest 2023»

Алматы – гастрономиялық туризм астанасы

Алматының Абай атындағы алаңында халықаралық Almaty Food Fest 2023 гастрономиялық фестивалі өтті. Сан түрлі ұлттық тағамдарды бағалайтындарға арналған іс-шара алматылықтар мен оңтүстік астана қонақтары үшін нағыз мерекеге айналды. Фестивальге Англия, БАӘ, Қатардан арнайы шақырылған блогерлер мен Қытай және Үндістан туристері қатысты.



Досбол
АТАЖАН

Almaty Food Fest 2023 Алматы қаласының Туризм басқармасының бастамасымен ұйымдастырылды. Екі күнге жалғасқан фестивалге 15 мыңнан астам адам қатысты.

Басқарма өкілдерінің айтуынша, қаланың гастрономиялық саяхаттарға арналған негізгі бағыты ретіндегі әлеуетін арттыру мен шетелдік және отандық туристерді тартуда оқиғалық туризмнің маңызы зор. Өйткені, «Аспаздық туризм нарығы: бағыттары, өнімдері мен географиясы – 2023–2027 жылдарға арналған болжам мен талдау» есебіне сәйкес, дәл осындай гастрономиялық фестивалдер әлемдік аспаздық туризм нарығының ең жылдам дамып келе жатқан сегменті болып отыр.

– Гастрономиялық туризм – даму әлеуеті зор туризм бағыттарының бірі. Алматыда әлемнің 14 ұлттық асханасының тағамдары ұсынылатын 10 000-нан астам тамақтану орны бар. Бізге келетін туристер тағамдардың сан алуан түрі мен көрсетілетін қызметтің жоғары дәрежеде екенін атап

өтеді, – деді Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Токсейтова.

Фестиваль қонақтарына арнайы бөлінген аспаздық аумақтарда әлемнің түрлі асханалары ұсынылды. Келушілер мексикалық, ливандық, америкалық, азиялық және қазақтың ұлттық тағамдардың дәмін татты. Ұйымдастырушылар кішкентай гурмандарды да назардан тыс қалдырмады: балалар үшін арнайы аумақ жасалып, аниматорлар мен хоулистер бүлдіршіндердің көңіл-күйін көтерді. Сондай-ақ, екі күнге ұласқан күздің қорытынды фестивалінде қазақ эстрадасының әртістері – Мәдина Сәдуақасова және «МузАрт» тобы өнер көрсетті.

Ғаламның сан алуан асханаларына гастрономиялық саяхат жасаумен қатар, келушілер аспаздық шоуларды көріп, әлемдік деңгейдегі бас аспаздардың шеберлік дәрістерін, бармендер мен баристалар сайыстарын тамашалап, фермерлік өнімдер мен қолөнер бұйымдары жәрмеңкесін аралады.

– Бір жерде әлемнің осыныша көп түрлі тағамдарының ұсынылуын бұрын-соңды көрген емеспін. Мені өзге халықтардың мәдениеті, әсіресе, ұлттық асханасы әрқашан қызықтыратын. Сондықтан қазақтың ұлт-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.



тық тағамдарынан дәм татып, Қазақстанның салт-дәстүрлері туралы көбірек білу үшін Almaty Food Fest 2023 фестиваліне шақыруды қуана қабылдадым. Бұл гастрономиялық тәжірибем көңілімнен шықты. Әсіресе, қазақтың ұлттық тағамы – ет ерекше ұнады. Бір қарағанда, қарапайым тағам секілді, бірақ дәмі тіл үйіреді, ерекше екен, – деді Қатардан келген фуд-блогер Мұхаммед Афлахе Икбал.

Айта кеткен жөн, туризмнің бұл түрі саяхатшыларға түрлі тағамдардың дәмін татып, жергілікті халықтың мәдениеті мен салт-дәс-

түрлерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Jersey Island Holiday туристік блогының ақпаратына сәйкес, саяхатшылардың 95%-ы гастрономиялық туристер қатарына жатады, саяхат жасайтындардың 80%-ы алдымен ашық ақпарат көздерінен баратын елінің асханасын зерттеп алады, ал туристердің 70%-ы саяхат жасайтын елді жергілікті тағамдары мен сусындарына байланысты таңдайды екен. Қазақстандық аспаздық туризм саласына жаһандық трендтердің ықпал етіп жатқаны сөзсіз. Әлемнің түрлі елдерінің ұлттық асханалары, қазақ халқының, ливандық, өзбек, мексикалық және өзге де халықтардың ұлттық тағамдары ұсынылатын мейрамханалардың саны артып келеді.

– Қазақстандықтар да ливандықтар секілді нағыз гурмандар. Ливан асханасы араб және Жерорта теңізі дәстүрлерінің әсерімен қалыптасқан. Ол қазақстандықтарды да, шетелдіктерді де ерекше дәм үйлесімімен тартып, тарих пен мәдени дәстүрлерге кішігірім саяхат жасатқандай болады. Біз Almaty Food Fest 2023 фестиваліне қатысқанымызға қуаныштымыз, өйткені бұл – ливан гастрономиясының өзешілігімен көптеген адамды таныстыру үшін керемет мүмкіндік, – деді мейрамхана басқарушысы Зияда Абдурахманова.

Айта кетсек, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Қытай, Австралия мен Испания аспаздық туризмнің көшбасшылары саналады. Алматы – Қазақстанда гастрономиялық туризм дамыған басты қала. Алматы қаласы Туризм басқармасының мәліметінше, 2023 жылдың бірінші жартысында оңтүстік астанаға келген шетелдік туристердің ағымы 73%-ға (261,6 мың адам) өскен, ал ішкі туризм 24,6%-ға (710,6 мың адам) артты.



ҰЛТТЫҚ БАНК

TENGE 30 JYL

коллекциялық монеталары

15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасына 30 жыл толады. Әр елдің ұлттық валютасы – тәуелсіздік пен егемендіктің белгісі, мемлекеттегі ақша жүйесінің негізі саналады.

Қазақстан Ұлттық Банкі «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясынан TENGE 30 JYL коллекциялық монеталарын айналымға шығарады.



Монеталардың сатуға шығарылатын күні ҚҰБ ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларда қосымша хабарланады.

TENGE 30 JYL монетасының дизайны цифрлық технологияларды дамыту тұрғысынан «Т» теңге белгісін пайдалануға негізделген. Белгінің сол жағындағы ою-өрнек даму мен өркендеуді, сондай-ақ ұлттық болмыс пен нақышты білдіреді.

TENGE 30 JYL коллекциялық монеталары:

– күмістен жасалған, сынамасы – 925/1000, өн бойында тантал металл да бар. Монета диаметрі – 50 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1000 теңгелік, таралымы – 300 (үш жүз) дана. Монетаның жалпы массасы – 84,32 грамм;



Номиналы 1000 теңгелік TENGE 30 JYL монетасының бейнесі



– алтын жалатылған күміс монетаның сынамасы – 925/1000, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, да-

йындау сапасы – proof, номиналы – 500 теңгелік, таралымы – 2 000 (екі мың) дана.

Номиналы 500 теңгелік TENGE 30 JYL монетасының бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Теңге сарайында дайындалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.nationalbank.kz).



ӘЛЕУМЕТ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

Портал жұмысы ашық, жедел һәм әділ

Әлем бойынша өте жылдам дамып жатқан IT саласындағы өзгерістер біздің де цифрлық жүйеге көшу керектігін көрсетті. Сөйтіп, біз де заман көшіне ілесіп, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекітіп алғанбыз. Бүгінде елімізде цифрлық жүйеге көшу жолында түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының ең басты мақсаты – цифрлық технологияларды қолдану мен жетілдіру арқылы Қазақстан Республикасының экономикасын бәсекеге қабілетті ету және ел халқының өмір сүру сапасын жақсарту. Біз бүгін Алматыда халыққа қызмет көрсету бағытында қандай жаңашылдық бар, сол жөнінде айтатын боламыз.

Нұржамал
ӘЛІПШЕВА

ПРОАКТИВТІ ҚЫЗМЕТТЕР ОҢТАЙЛЫ

Электрондық түрде алынған мемлекеттік қызметтер үлесін арттыру және «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының нысаналы индикаторына қол жеткізу мақсатында, сондай-ақ басым бағыттардың бірі – әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік қызметтерді проактивті және электрондық көрсету маңызды қадам.

Бүгінде көптеген мемлекеттік қызметтер проактивті және электрондық форматқа ауыстырылды. Мәселен, олардың қатарына:

1) мүгедектікті белгілеуге байланысты мемлекеттік қызметтер (мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік көмек (МӘК), еңбек қабілетін жоғалту бойынша әлеуметтік төлем; мүгедек баланың күтімі бойынша жәрдемақы);

2) мемлекеттік жәрдемақы және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындау бойынша мемлекеттік қызметтер;

3) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік қызметі;

4) жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау жатады.

Бұл санатқа жасына байланысты зейнетақы төлеу қызметі кірмейді. Қызмет бүкіл Қазақстан бойынша еңбек өтілін цифрландыру және еңбек шарттарын тіркеу қажеттілігіне байланысты проактивті форматта қолжетімді емес.

Жалпы, бүгінгі күні Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін барлық әлеуметтік қыз-

меттердің қызметі проактивті түрде көрсетілуде. Азаматтар тек қана жасына байланысты зейнетақы тағайындау қызметі үшін ғана мемлекеттік корпорацияға өздері жүгінеді.

Алайда, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында белгіленген, зейнеткерлік жасқа жеткен Мемлекеттік корпорация (МК) қызметкерлеріне зейнетақы төлемдері проактивті тәсілмен тағайындалады. Нұсқаулыққа сәйкес кадрлар бөлімінің қызметкерлері: еңбек өтілін цифрлау және еңбек шарттарын тіркеуді жүргізу; жұмыс берушілер үшін еңбек шарттарын «электрондық еңбек биржасы» порталында (enbek.kz) тіркеу қажет.

Мемлекеттік корпорация кадр қызметінің қызметкері жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау үшін қажетті Мемлекеттік корпорация қызметкерінің еңбек қызметі туралы мәліметтерді Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (ЕШЕБЖ) енгізеді.

Медициналық-әлеуметтік сараптамамен және Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп проактивті режимде қызмет көрсету бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Бұл өз кезегінде өтініш берушілердің құжаттарын беруді жеңілдетеді және жәрдемақыларды тағайындау және төлеу процесін жеделдетеді.

Көптеген төлем «электрондық өтініш» арқылы берілуі үшін электрондық нұсқаға ауыстырылды.

ҮЙДЕ ОТЫРЫП-АҚ ӨТІНІШ ЖАЗА БЕРЕСІЗ

Мемлекеттік қызметтерді онлайн режимде алу сағаттап кезекте тұрудан, құжаттарды қолмен толтыруға уақыт жұмсаудан босатады. Электрондық өтінішті тәулікке, мереке және демалыс күндеріне қарамастан кез келген



уақытта, интернет желісі бар кез келген компьютер немесе ұялы телефон арқылы беруге болады. Қызметті алу үшін сізге үйден шығудың қажеті жоқ, электрондық өтінішті және қажетті құжаттар тізімін Мемлекеттік қызметтер порталы арқылы жіберу жеткілікті. Одан соң сіз өз өтінішіңіздің орындалу барысын ғана бақылап отырасыз.

гедектікке байланысты қызметтерге өтінім бере алады және жұмыссыз ретінде есепке тұра алады.

Айта кетсек, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы филиалы әлеуметтік сала бойынша 2023 жылдың 9 айында барлығы 125 417 мемлекеттік қызмет көрсетті. Электрондық

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы филиалы әлеуметтік сала бойынша 2023 жылдың 9 айында барлығы 125 417 мемлекеттік қызмет көрсетті. Электрондық үкімет порталы арқылы, Жұмыспен қамту орталықтары, Медициналық-әлеуметтік сараптама секілді сыртқы платформалар арқылы 69802 қызмет көрсетілген. Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 55615 қызмет ресімделген.



Электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызметтің келесі түрлерін алуға болады:

- базалық зейнетақы төлемін тағайындау;
- бала туу және бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы;
- бір жылға дейінгі күтім бойынша әлеуметтік төлем;
- көпбалалы отбасының жәрдемақысы;
- I-топ мүгедегінің күтімі бойынша жәрдемақы;
- мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы;
- жерлеуге арналған біржолғы төлем;
- мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы;
- асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік жәрдемақы.

Бүгінгі күні қазақстандықтар Электрондық үкімет порталы арқылы зейнетақы аударымдары туралы ақпарат та ала алады, мү-

үкімет порталы арқылы, Жұмыспен қамту орталықтары, Медициналық-әлеуметтік сараптама секілді сыртқы платформалар арқылы 69802 қызмет көрсетілген. Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 55615 қызмет ресімделген.

СІЗГЕ EGOV.KZ КӨМЕКТЕСЕДІ

Бала күтімі бойынша жәрдемақыны қалай онлайн алуға болады? Бұл жөнінде де айтайық.

P.S.

Иә, цифрландыру жүйесі бізге өте қолайлы болып тұр. Мәселен, мобильдік билеттер, онлайн-сауда, орталықтандырылған қашықтан басқару, науқастың электрондық тарихы, балабақша кезегіне онлайн-түру сынды тағы басқа да игіліктер осы «Цифрлы Қазақстан» жемісі. Ал ең маңыздысы – жаңа технологияларға негізделген цифрландыру арқылы ашықтық және жеделділік қалыптасты. Сондай-ақ, алтын уақытымызды үнемдейміз.

Әрине, бала дүниеге келгеннен кейін аналардың бос уақыты бола бермейді. Мемлекет тарапынан бала күтімі үшін бір реттік жәрдемақы төленетінін ұмытпаңыз. Соңғысын Egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы бірнеше минут ішінде ресімдеуге болады. Төменде толық нұсқаулық көрсетілген:

1. Egov.kz порталына кіріңіз.
2. Іздеу батырмасы арқылы «Баланы бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемдер тағайындау» қызметін табыңыз.

3. «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басыңыз.

4. Өтінімді толтырып, оған ЭЦҚ-мен қол қойыңыз.

5. Өтінімде жеке шот нөмірін (IBAN) көрсетіңіз.

Ескерту: дербес шот өтініш берушінің атына ашылуға тиіс.

6. Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде) бала туғанда берілетін жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламамен танысыңыз.

Хабарлама 7 жұмыс күні ішінде келіп түседі.

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНМЕН ДЕ ІС БІТЕДІ

Айтпақшы, енді ерлі-зайыптының нотариалды куәландырылған келісін еGov mobile қосымшасында онлайн түрде ресімдеуге болады. Иә, еGov мобильді қосымшасының «eNotary» қызметінде ерлі-зайыптының келісін талап ететін құжаттарды ресімдеудің қосымша опциясы да оңтайлы бола бастады.

Келісім онлайн режимде биометриялық тексеруден өту арқылы жасалады. Содан кейін нотариус клиенттің деректерін тексереді, одан кейін келісім расталған соң, нотариалды куәландырылған құжат жасалады.

Биылғы сәуір айында еGov mobile мобильді қосымшасында «eNotary» қызметі іске қосылды және бүгінде ол қазақстандықтар арасында танымал. Азаматтардың осы қызметті пайдалана отырып, әлемнің кез келген нүктесінен қажетті құжатты куәландыруға мүмкіндігі бар.

Бұл қызмет ыңғайлы, өйткені құжаттарды ресімдеу үшін нотариусты іздеп, оған барудың қажеті жоқ.

Ерлі-зайыптының келісін алу үшін:

- еGov Mobile қосымшасында авторизациядан өту;
- басты бетте «eNotary» қызметін ашу;
- тізімнен әрекет түрін таңдау – «келісім»;
- өтініш формасын толтыру және биометриялық тексеруден өту;
- бейнеқонырау арқылы жұбайының келісін алу;
- нотариалдық қызметке ақы төлеу қажет.





«АТАМЕКЕН»

Алматыда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстанның сыртқы сауда палатасының қолдауымен сауда саласындағы басты шара – Tradex халықаралық форумын өткізді.

Іс-шара Алматы қаласындағы мемлекеттік орган, ұлттық компания, бас консулдықтар өкілдері, ірі қазақстандық және шетелдік компаниялар басшылары, шаһарымыздың 500-ден астам кәсіпкерінің қатысуымен өтті.

Форум ұйымдастырушысы, Алматы қаласы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Ақеркін Ералиеваның айтуынша, форумының негізгі идеясы – халықаралық сауданы қолдау, халықаралық сауда ынтымақтастығын нығайту. «Біз Tradex бірінші рет халықаралық сауда форумын осында өткізгіміз келді. Өйткені, Алматы – Орталық Азияның ірі іскерлік және қаржы орталығы. Ұзақ уақыт бойы қаламыздағы шағын және орта бизнес жалпы өңірлік өнім көлемі жөнінен жетекші атанып, ел экономикасының бестен бір бөлігін құрады», – деп атап айтты А.Ералиева.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов еліміздің шикізат экспорты басым түскен оң сауда балансы барын, ал импортқа қайта өңделген және дайын тауарлар кіретінін атап өтті. Алайда, елдің ішкі құндылығын дамытпай, Қазақстан арзан шикізатты экспорттап, қымбат дайын өнімдерді импорттауды жалғастыратын болады, бұл импорттық инфляция проблемасын ушықтыруы мүмкін. Р.Жүрсінов бүкіл ұлттық экономиканың ресурстарын жұмылдырып, барлық мүдделі тараптың күш-жігерін біріктіруге тиіс еліміздің құндылықты дамытудың маңыздылығына тоқталды. Бұл шара импортқа тәуелділікті төмендетіп, экспорттық мүмкіндікті кеңейту мен бағалардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Спикер мұндай ынтымақтастықтың тиімділігі бизнес пен мемлекеттің тиісті бағыттарды дамытудағы бірлескен күш-жігеріне байланысты екенін атап өтті.

«Біз көптен бері сауда-саттық, сауда бренді, марка, франшизаны ілгерілетуге арналған шараны ұйымдастырып, өз тәжірибеміз бен жаңалықтарымызды бөлісіп, ең бастысы – кооперация құруға болатын халықаралық алаңды көптен бері жоспарлаған едік», – деді Қазақстанның сыртқы сауда палатасының төрағасы Аян Еренов.

Форум барысында ҚХР Бас консулы Цзян Вэй елдердің тығыз ынтымақтастығына назар аударып: «Бүгінгі форум қаржы институты, логистика және көлік, электрондық коммерция, инспекция, зияткерлік меншік, басқа да салалардың жетекші ұйымдарын біріктіреді. TRADEX – бұл халықаралық сауданы дамытуға арналған бірегей хаб және алаң», – деп атап өтті.

АҚШ-тың Алматы қаласындағы Бас консулы Мишел Еркін АҚШ Орталық Азиядағы сауда мен интеграциялық күш-жігерді қолдайтынын: «Бұл үдеріс серіктестіктеріміздің тұрақты өсуінен көрінеді. Өткен жылмен салыстырғанда, Қазақстанның АҚШ-қа экспорты

TRADEX – алғашқы мамандандырылған іс-шара және серіктес іздеуге арналған бірегей алаң. Осы алаңда сауда саясатындағы тенденция туралы айтылып, сала сарапшылары практикалық ұсыныс пен түсіндірмелер берді. Форумның негізгі тақырыптары сауда тенденциясы, логистика, электрондық коммерция, франчайзинг салаларын қамтыды.

TRADEX

халықаралық форумы



шамамен, 60%-ға, ал АҚШ-тың Қазақстанға экспорты 20%-дан астам өсті. Ынтымақтастық аясында Америка Құрама Штаттары мен оның Орталық Азиядағы серіктестері жаһандық проблеманың өңірлік шешімдерін табуда», – деп ойын білдірді.

Dasco Consulting Group компаниясының атқарушы серіктесі Дәрмен Сәдуақасов халықаралық қатынастарды нығайту және сауда саласын дамытуда халықаралық сауда форумының маңызын: «Сауда – сөз жоқ, экономиканың жетекші саласы, көлемі жөнінен ең ірі, жұмысшы саны жағынан ең үлкен сектор. Бүгін біз Қазақстанның экспорттық мүмкіндігі, күрделі геосаяси жағдай аясында ынтымақтастық мәселесіне назар аударамыз», – деп атап өтті.

Спикер саладағы негізгі проблемаларды да айтпай кетпеді. «Еңбекақының төмен деңгейі, сауда-саттықтағы көлеңкелі экономиканың жоғары деңгейі. Жалпы, ұйымдасқан сауданың деңгейі дамыған елдермен салыстырғанда төмен, сондай-ақ бұл бөлікте дәстүрлі ұйымдасқан сауда форматынан ашақтау қажет.

Сонымен бірге, электрондық коммерция белсенді дамып келеді, көптеген адам маркетингтің тұтынушыларына айналды. Бұл – бағыт бүгінгі форумның өзекті тақырыбының бірі», – деп атап өтті Дәрмен Сәдуақасов.

Форум аясында бірқатар панельдік сессия ұйымдастырылды. Онда жетекші сарапшылар импорт, экспорт саласындағы негізгі үрдісті айтып, практикалық кеңес пен идеяны талқылады, тәжірибесімен бөлісті. Сол сияқты, «KazFranch-2023» франчайзинг көрмесі өтті. Биылғы 1 қазанда мегаполисте тіркелген заңды тұлғалардың саны 149 623 бірлікті құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 7,1 пайызға көп көрсеткіш.

КЕРЕК ДЕРЕК

- «Сауда» саласы бойынша нақты көлем индексі 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 114,5%-ды құрады.
- 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте бөлшек сауда көлемі 4195 млрд теңгені немесе 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарай 106,5%-ды құрады (салыстырмалы бағада).
- 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте көтерме сауда көлемі 10 713,8 млрд теңгені немесе 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарай 117,4%-ды құрады (салыстырмалы бағада).



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айнұр БАСПАҚОВА, қалалық Кәсіпкерлер палатасы халықаралық ынтымақтастық бөлімінің жетекшісі:

АЛМАТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША

Сауда жөніндегі халықаралық форумға 500-ден аса кәсіпкер, халықаралық сарапшылар қатысты. Саудадағы тенденция мен проблемалар талқыланды. TRADEX – алғашқы мамандандырылған іс-шара және серіктес іздеуге арналған бірегей алаң, сондықтан осы алаңда сауда саясатындағы тенденциялар туралы баса айтылды. Сондай-ақ, сала сарапшыларынан практикалық ұсыныстар мен түсіндірмелер көбірек берілді.

Форумда көтерілетін негізгі тақырыптар саудадағы тенденция, логистика және жеткізу тізбегі, электрондық коммерция, франчайзинг, кеңес беру және келіссөздер. Алқалы жиын аясында бірқатар панельдік сессия қарастырылды. Онда жетекші сарапшылар импорт, экспорт саласындағы негізгі үрдістерді айтып, практикалық кеңес пен идеяларды талқылады, тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, «KazFranch-2023» франчайзинг көрмесі өтті.

Жалпы, халықаралық сауда орта ғасырларда, дүниежүзілік нарықтың пайда болу процесінде пайда болды. Ертеде ұзақ қашықтыққа жүк тасымалдау қауіпті, қымбат және көп уақытты қажет ететін. Сондықтан халықаралық сауда негізінен құны жоғары және салмағы аз тауарлармен ғана жүзеге асырылды: асыл тас пен металдар, дәмдеуіштер, матаның кейбір түрлері (әсіресе жүн мен жібек), үлбір мен шарап. Өндірістің аз ғана бөлігі халықаралық сауда айналымына қатысты. Содан кейін Ұлы географиялық ашылулар дәуірінен бастап, коммерциялық революция басталды.

XIX ғасырда өнеркәсіптік революция болды, ол үлкен көлемді жүктерді теміржол және пароходпен ұзақ қашықтыққа жылдам және арзан тасымалдауға мүмкіндік берді. 1940 жылдардың екінші жартысынан бастап тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім (ГАТТ) сауда кедергілерін азайтуға қол жеткізді. Содан соң әлемдік сауда қарқынды өсе бастады, бұл экономиканың жаһандануына әкелді.

Ал XXI ғасырда цифрлық, инновациялық технологиялар мен электронды коммерцияның дамуымен барлық коммуникациялар бұдан да жылдам жүреді. Әдетте, бұған қоса, логистика, жеткізу тізбегі жақсарып, жеткізу мерзімі қысқарады. Бүгінгі таңда халықаралық сауда іс жүзінде ешқандай шекара жоқ деңгейге дейін дамып, қарқынды дамуын жалғастыруда. Пандемия, апат, қаттығыс сияқты кейбір оқиғалар, әрине, саудадағы көптеген процесті тоқтатады. Бірақ заманауи технологиялар бәрін тез қалпына келтіруге, стратегияны өзгертуге, сондай-ақ сауданы одан әрмен дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан өзінің географиялық орналасуына байланысты, ежелден Ұлы Жібек жолындағы маңызды орын, сол дәстүр бүгін де сақталған деуге болады. Бүгінде бұл «Орталық Азияның сауда-логистикалық хабы» деп басқаша аталады. Шығысты батыспен, солтүстікті оңтүстікпен байланыстыратын халықаралық саудада алып мегаполис Алматының маңызы айрықша. Бүгінде халықаралық нарық біздің аймаққа үлкен қызығушылық танытып отыр.

Бетгі әзірлеген
Айнабай
МӘДИ.





ЦИФРЛАНДЫРУ

ЖЕКЕ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІ

өзіңізге опық жегізбесін



(Сурет ашық дереккөзден алынды)



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Заманауи технологияның көмегімен алаяқтықтың жаңа түрі белең алып барады. Солардың бірі – осы жеке тұлғаларға берілетін сандық код – ЖСН арқылы жасалатын алаяқтық. Азаматтардың ЖСН арқылы алаяқтыққа тап болғанын Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушіні іздеу» қызметі арқылы білуге болады. Бар болғаны азаматтың аты-жөнін білсеңіз болды. Керек адамның фамилиясын тересіз, робот емес екеніңізді дәлелдегеннен кейін, бірер минуттан соң ЖСН шыға келеді. Бұл сервис кері тәртіппен де жұмыс істей береді. Яғни қолыңызға алдымен ЖСН түссе, ол азамат туралы деректі анықтау қиынға соқпайды.

Жеке сәйкестендіру нөмірі секілді басқа да жеке деректер заңмен қорғалады. 2013 жылы 21 мамырда қабылданған «Дербес деректер және оны қорғау» туралы Заң бар. Ол Заңда дербес деректердің және оларды қорғаудың қалай жүзеге асатыны, жеке дербес деректерді қалай жинап, сақтайтыны және ол деректерді кімнің жинауға мүмкіндігі бар екендігі мен жария болмауы секілді жауапкершілік толық қамтылған. Тіпті, бұл заңнаманы бұзу деректері бойынша қылмыстық жауапкершілік те көзделген.

«Кез келген адамның жеке, дербес деректері жұмыс берушіде, зейнетақы тағайындау органдарында, банктерде, ұялы телефон

2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық тіркеуші нөмірінің орнына жеке сәйкестендіру нөмірі қолданысқа енді. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) – жеке куәліктің бет жағында орналасса, паспорттың 32-бетінде тұрады. Жеке басты растайтын бұл нөмірді енгізудегі басты мақсат – белгілі бір тұлғаға қатысты мәліметтерді тіркеудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру. Аталған нөмір жеке куәліктерге 1997 жылдан бері басылып жүр. Себебі, кез келген елде азаматтың тұрғылықты мекенжайына қарамастан, жеке басын куәландыратын құжаты болуға тиіс.



оператор қызметкерлерінде сақталады. Аталған ұйымдардың барлығы да заң аясында дербес деректерді мұқият сақтауға, қорғауға міндетті және басқа тұлғаның қолына түспеуіне жауапты. Егер де аталған мекемелер заңмен бекітілген міндетіне салғырттық танытып, жеке деректер басқа тұлғаның қолына түсетін болса, қылмыстық жауапқа тартылады.

Ол Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 147-бабы бойынша жеке өмірге

қол сұғылаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу деп аталады. Бұл бап дербес деректерді қолдану міндеті жүктелген адамның деректерді сақтамай, азаматтардың құқығы мен заңды мүдделеріне зиян келтірсе, құқықтық жауапқа тартылады. Тіпті, 2 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Бұдан бөлек, осы бапта дербес деректерге қолсұғушылық, заңсыз жинау, сақтау, тарату сияқты әрекеттер үшін де жаза бар.

Қылмыстық кодекстегі арнайы бап бойынша әртүрлі деңгейлі жылдарға бас бостандығынан айырылады. Алаяқтық қылмысы Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 190-бабымен сараланады. Келтірілген залалдың көлеміне, қылмыстың жасалуына және қылмыс жасаған азаматтың бұрын-соңды сотталған немесе сотталмаған жағдайына сай әртүрлі жазаға тартылуы мүмкін. Қарапайым тілде айтар болсақ, айыппұл салумен басталып, тармақтарына байланысты ең ауыр жаза 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылу жаза-сы көзделген.

Жеке дербес мәліметтеріне, құжаттарына салғырт қарап, танымайтын адамға бере салудың өзі сауатсыздық деп санаймын. Әккі алаяқтардың құрығына көбіне зейнеткерлер ілініп жатады. Мемлекеттік, құқық қорғау органдары дербес деректерді сақтауға міндетті ұйымдар мен құзырлы органдар тарапынан халыққа әсіресе, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға жеке деректерін құпия сақтау түсініктерін жиі жүргізу керек. Мысалы, егде жастағы азаматтар халыққа арналған үкімет органына барып, электрондық цифрлық қолтаңбаны алды делік. Алған кезде берілетін құпия сөз барлығында бірдей болады. Азамат оны өз қалауынша өзгерте алады. Бірақ көбісі оны өзгертуді ұмытып кетеді немесе қалай өзгертетінін білмейді. ЭЦҚ бар флешка немесе компьютерде сақталған құпия сөз біреудің қолына түсетін болса, жеке мәліметті білу қиын емес», – дейді заңгер Мәди Маратұлы.

БРИФИНГ



Апат айтып келмейді

Алматының жылыту маусымында 153 мыңнан астам жекеменшік үй есепке алынды.



Айнабай
МӘДИ

Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Данияр Жүсіпов жылыту маусымында өрт қауіпті жағдайлардың алдын алуда атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде мәлім етті. Департамент тарапынан 2023-2024 жылдардағы жылу беру кезеңінде өртті азайту мен адам өліміне жол бермеу үшін пәрменді шаралар қабылдауда ауқымды алдын алу жұмыстары жүргізілуде.

«Департамент қызметкерлері 153 068 жеке тұрғын үйді есепке алды. Оның 2527-сі қатты отынмен жылытылады. Осы орайда халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 903 отбасы анықталды», – деді Д.Жүсіпов.

Бұған дейін мәлім болғандай, өрттің өршу себебі – электр сымы мен электр жабдықтарының қысқа тұйықталуы, пештің дұрыс жұмыс істемеуі мен отты сақтанбай пайдалану салдары. Д.Жүсіпов мегаполис аумағында кейінгі уақытта болған өрт жағдайларына шолу жасады. Мысалы, 31 қазан күні Алатау ауданында жеке үйлердің бірінің аумағындағы сарайдың сыртын қаптаған пеноплекс өртеніп кеткен. Кейінірек белгілі болғандай, өрт шығуына балалардың шала-лығы себеп болған.

Өрт пен осы тақлеттес қайғылы оқиғаны болдырмау үшін өрт сөндірушілер «Көмек қолы» акциясын өткізуде. Соның аясында халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 13 отбасына атаулы көмек көрсетілді. Өрт сөндірушілер мен жергілікті атқарушы орган өкілдері пеш мұржасын тазарту, пайда болған жарықты жабу, түтін арнасы өтетін жердегі қабырғаларды ектеуге көмектеседі.

Сонымен қатар, спикердің мәліметінше, 2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін алматылықтардың тұрғын үйлерінде көміртегі тотығын анықтайтын 1384 дербес датчик орнатылған. Құтқарушылар тұрақты түрде қауіпсіздік ережесі туралы ескертіп келеді. Тамыз айынан бастап өрт сөндірушілер Алматыда 67 мыңнан астам үйді аралап шықты. Осы айналымның арқасында 1,6 мыңнан астам өрт қауіпсіздігі ережесін бұзу дерегі анықталды. Ереже бұзушылық көбіне-көп автономды жылыту жүйесімен, электр желісі мен электр жабдығының дұрыс жұмыс істемеуімен байланысты.

Сонымен қатар, ұялы байланыс операторларымен бірлесіп, 15 млн-нан астам абонентті қамти отырып, жылыту пешін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау туралы SMS-хабарлама (әр таратылымы шамамен, 3,3 млн абонент қамту) ұйымдастырылды. ТЖД тұрғындарды жылу беру кезеңінде өрттің алдын алу мен адамдарды жарақаттаудың қауіпсіздік шарасын сақтауға шақырады.

Атап айтқанда, мынадай:

- үйдегі электр сымдарын қалыпты жағдайға келтіруге;
- жылыту маусымы кезінде түтін құбырын, жылыту пешінің түтін мұржаларын күйеден тазартуға, түтін мұржасының түтінді тартуын тексеру мен пеш мұржасын түні бойы жабуға;
- жылыту пеші мен газ аспабының жанында жиһаз бен және басқа да жанатын заттарды орналастырмауға;
- пеште, түтін мұржасы мен басқа да жылыту аспаптарында отын, кір мен басқа да жанғыш заттарды келтіруге жол бермеуге ұсыныс жасалды.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Жыл басынан бері Алматы қаласының аумағында барлығы 496 өрт тіркелді (2022 жылы – 578).
- Өрттің ең көп саны тұрғын үй секторына тиесілі – 242 жағдай немесе 48%.

МАМАН КЕҢЕСІ

Нұрсұлтан РАУАН,
IT маманы:

Құпия сөзді дұрыс таңдау керек

ЖСН – әр азаматты код арқылы танып-білуге арналған арнайы жүйе. Жеке куәлік арқылы жасалынатын алаяқтықтан сақтану үшін ЖСН-ді интернет желісіне жүктемеген абзал. Қатты қажеттілік болмаса, мессенджерлер арқылы басқа біреуге жібермеңіз. Жіберген күннің өзінде өшіріп тастаудың сұраңыз. Алаяқтар жеке мәліметтеріңізді пайдалану арқылы сіздің атыңыздан микрокредит алып, қателесіп ақша жібергенін хабарлап, ақшаны қайтарып беруін сұрауы мүмкін. Мұндай жағдайда алдымен банк қызметкеріне хабарласып, ақшаның қайдан, қалай түскенін анықтап алған дұрыс.

Басқа азаматтың телефоны мен компьютеріне жеке құпия сөз жазбауға тырысыңыз. Жеке кабинетке кірген кезде құпия нөміріңізді өшіріп жүрсеңіз, жеке мәліметтерді компьютер немесе ұялы телефоны қолданған келесі азамат пайдалана алмайды. Көпшілігі жеке құпия сөзге өзінің, жақын туыстарының туған күнін, жылын, айын қойып жатады. Осы жерде ескеретін жәйт, тек сандардан тұратын құпия сөз таңдамаңыз, яғни мүмкіндігінше, өзіңізге қатысы жоқ сан, әріп және таңбадан құралған құпия сөз қолданыңыз. Құпия сөзді таңдаудың ең оңай жолы компьютерде кириллица әріптерінен құрастырылған сөзді пернелер арқылы латын әріпне ауыстырып терген дұрыс. Кибералақтардан сақтанудың басты жолы – осы.

Қазір мекемелердегі компьютерге жеке карта арқылы кіру тәжірибесі сыналп жатыр. Әрбір картада қызметкерге бекітілген код-кілт болады. Компьютерде кардридер жалғанып, оған картаны жүктегеннен кейін ғана компьютер қосылады. Сол арқылы компьютерді қай қызметкер қолданып отырғанын білуге болады. Бастысы, қызметкердің қызметіне сәйкес қосылу деңгейі бар. Кейбірінің барлық жерге кіруге мүмкіндігі болса, кейбіреуіне тек Word, Excel құрылғыларын пайдалануға ғана рұқсат берілуі мүмкін. ЖСН мен жеке құпия сөз сақталмауын қадағалау қажет. Көпшілігі браузерде құпия сөзді қайта термеу үшін «сақтау» сілтемесін басады. Ол дұрыс емес.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

АРМАНҒА АЙНАЛҒАН ФАТИМА

1928 жылдың ақпанында Алматы университетінің филология факультетінде оқитын Фатима Ғабитованың жазу дәптерінде үш жол өлең пайда болды. Кейінірек Мұхтар Әуезовтің «Ақындығы онша болмаса да, күшті сезімнің иесі ғой өзі!» деп, бұл өлеңді кімнің жазғанын білгісі келгендігі тегін емес еді.

Тағдыр қалап егерде...
Жүз көз берсе құдірет,
Жүзі де сізге қарар еді! –

деген үш жол өлеңнің авторы Ахмет Байтұрсынов болатын. Ахаң ол кезде жаңадан ашылған Алматы университетінде дәріс беріп жүрген. Жасы елуден асып, алпысты алқымдап қалған кезі. Ақыл тоқтатып, әбден кемеліне келген шағында күшті сезім иесі бұл өлеңді бекер жазбаған еді. Фатима ханым ондай құрметке әбден лайық болатын.

Жер жанны – Жетісудағы Қапалда туып-өскен Фатима Ғабитова сондағы ең озық білім шаңырағында тәлім-тәрбие алды. Он бес жасқа толғанша ешбір қайғы-мұңсыз оқып-жетілген Фатима өміріндегі күрделі кезең содан кейін-ақ басталып кете барды.

Ғұмыр бойы халық ағарту саласында еңбек еткен халқымыздың абзал азаматтарының бірі, сатирик, ақын болған Біләл Сүлеевке тұрмысқа шыққан Фатима ханымның өзі де сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайлар мен қазақ басына түсіп отырған түрлі ауыртпалықтарды тәптіштеп жазып жүрген. Бүкіл өмірін оқып-жетілуге арнаған Фатима Ғабитова ешкімге ұқсамайтын ерекше тұлғаға айналды.

Фатима жас кезінен бастап-ақ Ілиястың арманына айналған еді. Жыр сұңқары, жыр тұлпары – кәдімгі Ілияс Жансүгіровтің. Жатса-тұрса Фатима деп соққан жүрек аз киналған жоқ. Ілияс ақын алабұртқан сезімін ақылға жөңдіріп, адалдықтың ала жібін аттамай ұзақ жүрген. Тіпті, өзінің ақылшы досы ретінде, әрі мұң-мүддесі бір жандар ретінде Фатима мен Біләл Сүлеевтің шаңырағында бірге тұрған кездері де болды. Біләлге адал жар бола білген Фатима ханым ол кездері Ілиясқа қазақтың талантты ақын ұлы, жыр құлагері ретінде үлкен құрметпен қараған. Оны Фатиманың үнемі жазып жүрген күнделіктері мен түрлі жазбаларынан айқын аңғаруға болады.

Халық ағарту саласында белсенді еңбек еткен Фатима Ғабитованың өзі де түрлі шығармалар жазып, артына мол мұра қалдырған. Өзгелерге қарағанда, өлең сөздің шебері, көркем тілдің қайнар көзі Ілиястың өресі өте биік екенін бұрын байқаған Фатима оны үнемі қайрап шыңдаумен болды. Жылт еткен сезімді, ғашықтық сағыныш пен махаббат уайымшылдығын өлеңге өзек етпей, ел мен жердің, тұтас халықтың бейнесін көрсететін поэзияның ауқымды түрлеріне қалам тартқаны жөн екенін талай айтып ескерткен. Тіпті, Ілиясқа сол биіктен көрініп жатсаң, мен де сенің айтқаныңа ойланып көрермін деген шарт қояды. Сөйтіп, Фатима ханым Ілиястың «Дала», «Құлагер» сияқты көлемді дүниелер жазуына түрткі болған. Әдебиет майданына өзі де араласып, сол кездегі бүкіл жағдайды ой елегінен өткізіп отырады.

– Қапалда туып-өскен Фатиманың бойына Қапалдағы бүкіл зиялы қауымның тәрбиесі әсер етсе керек. Қапалда кезінде дворяндық мектептер жұмыс істеді. Фатима сол бекзаттар орталығында тәрбиеленіп шықты және оған өзінің араласқан адамдары да көп әсер етті. Оның араласып жүрген кісілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәкен, Бейімбет, Мағжан, Ғани Мұратбаев сынды алыптар еді. Бұл кісі өзі сондай баққа лайық тұлға болған, – дейді Жетісу жұлдыздарын зерттеуші, ілиястанушы Сәбит Дүйсебаев.

Құдай қосқан қосағы Біләл Сүлеев «халық жауы» болып ұсталып кеткенде, Фатима ханымға «халық жауының» әйелі атанып жүру оңайға соқпаған еді. Сұлудың ішіндегі падишасы, арудың ішіндегі аққуы, өз кезеңінің аса мәдениетті, озық ойлы перизаты үнемі ел назарында болған. Сол кездегі бүкіл зиялы қауым өкілдері санаспай жүре алмайтын биік рухтағы тәрбиелі жан он жыл бойы ғашықтықтың құрбанына айналып жүрген Ілиястың басына бақыт құсы болып қонады.

Шынын айтқанда, ол кез адам жанына үнілетін кез емес еді. Саяси қуғын-сүргін науқаны басталып кетті. Кеңес Одағының жүрегі болып соққан Мәскеуде жасалған жалмауыз жоспар дегеніне жетіп, қазақ зиялыларының көбі бірін-бірі қаралап, күйілеп жатқан. Мәскеу саясаты біздің елдегі пәсөбін ойға берілген кейбір ақын-жазушыларымыздың ішкі есебін



түгелдеуге сеп болды. «Халық жауы» болып Ілияс Жансүгіров ұсталып кеткенде, Фатима ханымның тұрған үйін тартып алып, оны бала-шағамен Бейімбеттің шаңырағына зорлықпен көшіріп апарып тастағандар да кездесті. Фатима сонда да сынған жоқ. Есік алдына шашып-төгіп кеткен Ілияс жазбаларын жинап, жазықсыз жапа шеккендердің мұң-мүддесін өле-өлгенше қорғап өткен. Кейіннен тағдыр Мұхтар Әуезовпен табыстырып, аяусыз жаншылып, езілген еңсесін қайта көтеруге, ұлы күресті ары қарай қайта жалғастыруға мүмкіндік алады. Өзі де талай рет қуғын-сүргін көрген Фатима Ғабитова қазақтың үш арысынан тапқан ұл-қыздарын ұлтымыздың озық ойлы азаматтары етіп шығаруға бүкіл ғұмырын сарп етті.

– Мен өмірімде ол кісінің жылап тұрғанын, көзіне жас алғанын көрген емеспін. Тек айдауда Меркеде жүргенде Жәнібек қаза тапқан кезде ғана жылағаны есімде. Сондай күшті кісі еді, рухы мықты болатын. Бізге – балаларына аса қатты болды. Түнде кеш қайтсам, кішкентай орындықпен ұратын мені. Жасым жиырмадан асып, күйеуге шыққаныша мені солай қатты ұстады, – дейді Ілияс пен Фатима ханымның қызы – Ілфа Жансүгірова.

Біләлдің сүйген жары, Ілиястың мәңгілік махаббаты, Мұхтардың жан серігі болған Фатима ханымға көз тіккендер аз болмады. Өйткені, ол қалың құмның ішінде жайқалып өскен жалғыз қызғалдақ еді. Оған көз салмаудың өзі күнә болатын. Ары таза, абзал жандар оның бұл кереметін жасырмай айтып, жазып та кеткен. Міржақып Дулатов бір сөзінде: «Өз өмірімде көрген сүйкімді сұлу – Біләлдің әйелі» деп бағалапты. Бір жиында Фатима Ғабитованың сөзіне шыдамай шығып кеткен Ғани Мұратбаев Біләлға «Тілі соншама ащы әйелге шыдап тұрмас едің, әттең көзі жібермейді-ау» десе керек. Ал адал да аңқау көрінетін Бейімбет Майлинмен Фатима ханымның әзілге құрылып жазылған айтыс өлеңдерінен Бейімбеттің де көңілі аңғарылып қалады. Айнала көз көп, бірақ Фатима ханым жалғыз болатын. Оның бар арманы асыл ана болу еді.

– Ол кісі бәрін ықтиятты түрде жазып жүргенімен қоса, үлкен ағартушылық жұмыстар да атқарды. Қазақ балаларына арналған жаңа мектептер туралы жазып, оның жан-жақты бағыт-бағдарларын көрсетеді, оқулықтар туралы ой айтады. Жансүгіровке қатысты «Құлагер», «Күйші» туралы, оның музыкасы туралы мақалалар жазды. Шығармаларында қазақ халқының 20–30 жылдардағы бүкіл тұрмысын жінке тізгендей етіп көрсетеді. Ақтардың, тіпті қызылдардың жасаған зорлық-зомбылықтарын ашық айтқан. Фатима Ғабитоваға біз озық ойлы зиялы қауым өкілі ретінде қарауымыз керек. Оның шығармаларын алып шығу әлі болашақтың ісі. Мен бұл кісіні, алдымен, ана деп білемін. Біздің үш алыптан жеті бала тәрбиелеп өсіру кез келген әйелдің қолынан келе бермесі анық. Сол уақыттарда ол туралы неше түрлі алыпқашпа сөздер айтылды. Соңынан ерген өсек бұл қоғамдық машина еді, татпағысы келді. Ол біреулердің қызғанышынан, түсінбеушілігінен, тағдырға үңілмеушілігінен туған түсінбестік еді, – дейді Фатима шығармаларын жинап, құрастырған ақын Аманхан Әлім.

Біләлдан – Азат пен Жәнібекті, Ілиястан – Саят пен Болат, Үміт пен Ілфаны, Мұхтардан қалған көз – Мұрат Әуезовті өсіріп-тәрбиелеу айтуға ғана оңай. Бұл жол – ғұмырлық күрес жолы еді. Бұл жолда Фатима Ғабитованың ғана емес, бүкіл қазақ зиялыларының басып өткен ізі жатыр. «Жүз көз берсе құдірет, Жүзі де саған қарар ед» дегенді Ахмет Байтұрсынов, бәлкім, көрегендікпен жазған болар. Қалай десек те, Ахаң тек сыртқы сұлулыққа қызығатын жан емес. Ол Фатима ханымның ішкі дүниесіне үңілгендей көрінеді.

Ә.ИСЛАМХАНҰЛЫ.

«АҚШАМ» – 35

«БІР ҮЙДІҢ БАЛАСЫНДАЙ БОЛДЫҚ»

Әр адамның өмірбаяны да тұтас тарихтың бір тармағы ғой, басынан баяндайын.

1990 жылдың жазында үйленіп, күзінде Алматыға көшіп келдік. Келіншегімнің бұрыннан тұрақты жұмысы бар, әйтеуір. Мен, сірә, басқа әлемнен жаңа келген адаммын. Сырттай оқып, талай көшесін шандатсам да, алып қаланың қым-қуыт тірлігі маған жат, бөтендік сезінімін. Қазіргі Ақан сері көшесінен жалдап алған үйде сарылып жатамын күнұзақ. Радио тындаймын, кітап оқимын, түндерде қиялға шомып, өлең жазамын. Айтпақшы, ол кезде қазақ тілінде жылдық күнтізбе шығады, соған Шоева Фермахан апамыздың тапсырмасымен қысқа мақалалар жазып қоямын арасында. Келіншегім жұмыстан келгесін хабар сұраймын. Алматыда не жаңалықтар болып жатыр?.. Ол бір жағынан маған жұмыс іздейді. «Радиоға барып көрсен қайтеді?» деп келді бір күні. Сағат Әшімбаевқа кірдім. Жұмыстың реті жоқ екен. Тағы бірде: «Лениншіл жаста» бір орын бар деп естідім. Мына кісімен хабарлас!» деді келіншегім.

Қолтығма қыстырған бір бума газет, жарияланған мақалаларым бар. Ол кезде жауапты хатшының орынбасары, қазіргі Кітап палатасының директоры Әділ Қойтан мән-жайға қаныққан бойда: «Хатшылықта бір орын бар, кел!», – деді. Бірден бас тарттым. Бұл бөлімнің азабын аудандық газетте біраз тартқаным бар еді, қайта жолағым келмеді. Сосын ол: «Алматы ақшамына» барып көрші!, – деп төмендегі қабатқа сілттеп жіберді.

Тағы бір жауапты хатшыға жолықтым. Қанат Қайым. Аласа бойлы, сары жігіт. Көзілдірікті. Қимылы да ылдым-жылдым, тез сөйлеп, шапшаң шешім шығарады екен. Мақалаларымды немқұрайды бір шолып өтіп, қайтарып берді. «Іс жүзінде көрмесек, газетке шыққан мақалалар арқылы тілшінің шама-шарқын білуге болмайды», – деген ол мені ертіп басқа бір кабинетке алып барды. Экономика бөлімі. Менерушісі – Марат Тұрапов, қасында Зейнолла Абжанов бар, төрде, үлкен терезенің жанында беттестіріліп қойылған екі столда отырады екен. Сонымен, Қанаткең сынақтан өту үшін маған экономика тақырыбына бірнеше мақала жазуды тапсырып, жаңа танысқан ағаларыма табыстап шығып кетті.



Есімде, бірінші мақаламда «Мерей» жиһаз фабрикасы туралы жаздым. Сосын «Жетісу» аяқкиім фабрикасы, тері комбинаты, балалар ойыншықтарын шығаратын фабрика, Алматы мақта-мата комбинаты болып жалғасып кете берді. Бір күні Қанат ағамыз: «Жұрттың баласы қолындағы қолақпандай куәлікпен кіре алмайтын үлкен өндіріс орындарына қалай еркін кіріп, басшыларынан қалай сұхбат алып жүрсің?», – деп күлді. Үнінен ризашылық сезілді. Бас редакторымыз Ислам Бейсебаев еді. Миығында кекесін әзілі бар, қызық мінезді, қалбаңдаған кісі. Қысқасы, өзімнің «әлеуетті күшімді» дәлелдеп, жұмысқа алындым. Ұжым ұйымшыл, ынтымақты болды. Тәжірибелі тісқаққан журналистерден құралған. Қаламдары жүйрік. Тіпті, қаламақыны көп алу бойынша өзара «бәсеке», жарыс жүріп жататын. Неге екенін, сол кезде «Ақшамның» қаламақысы басқа басылымдарға қарағанда, әжептәуір қомақтырақ еді.

Құрылғанына бір жыл болған жас газет. Менің алдымда ғана Қадірбек Құныпияұлы қызметке келген екен. Бекзак Омар, Сейсенхан Маханбет, фотограф Жүсіп Ерғали... қатарлы жігіттермен қоян-қолтық араласып, мігірсіз жұмысқа қызу кірісіп кеттік. Қаламы қуатты қыздар да болды. Тұңғыш ұлым дүниеге келгенде бүктетілген бір жамылғымен әйелдер босанатын үйге баруға жиналған мені көріп, күлісіп, тез арада ақша жинап, баланың керек-жарақ, киім-кешегін алып берген корректор қыздардың бауырмал ниеті қандай еді! Сәл себеп болса, дастарханы кең жайылған отырыс, той, қуаныш, қызығы таусылмайтын дәурен еді, шіркін! Бір үйдің балаларындай болдық, шынында.

«Алматы ақшамы» – қазақ халқының тілегімен, талабымен өмірге келген газет. Сондықтан да бүкіл республикаға тез таралып, танымал, белді басылымға айналды. Қазіргідей қалың бұқара компьютер, ұялы байланыс, әлеуметтік желілерге ауып кеткен заманда да өз маңыздылығын жоғалтпағаны қуантады. Біз секілді ұжымға біреу келіп, біреу кетеді, өз қолтанбасын қалдырады, ең бастысы, халық қалауымен ақпарат кеңістігіне енген тарихи газеттің тұғыры берік, абыройы асқақ бола бергей! Бір кезде осы газетте қызмет етіп, ортақ іске азды-кем үлес қосқанымыз – көңілге медет, мақтаныш. Алматыға келгенде алғаш мені де бауырына басып, баптап ұшырған сүйікті газетіміздің 35 жылдық мерейтойы құтты болсын! Әу басынан жақсы жолға қойылған игілікті үрдіс, игі дәстүр жалғасын тауып, газет ұжымының әрдайым биікте, бірлікте болғанын қалаймыз.

Болат ЖЕТЕКБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
ақын.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе almaty.aqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін
6433,44 теңге

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер,
мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін
4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.



ВАКАНСИЯ

БІР КҮНДЕ 60 АДАМ ЖҰМЫС ТАПТЫ

Алматының «Шұғыла» ықшамауданында қалалық Еңбек мобильділігі орталығы Наурызбай ауданы әкімі аппаратымен бірлесіп, жалпықалалық «Бос орындар жәрмеңкесін» өткізді.




Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жәрмеңкенің мақсаты – жұмыссыз жүрген жастар мен пробация есебінде тұрған адамдардың жұмыс табуына дәнекер болу, жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнату.

Жәрмеңкеге мегаполистегі 80-нен астам жұмыс беруші қатысып, олар 500 жұмыс орнына 150-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. Олардың қатарында өнеркәсіп, өндіріс, сауда желілері, тамақтану, медицина, фармацевтика, білім беру салаларының өкілдері болды.

«Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесіне жұмыс іздеп жүрген 150-ден астам алматылық қатысып, оларға түрлі кеңестер берілді. Ал ең бастысы, олардың 60-тан астамы жұмысқа орналасуға жолдама алды.



Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatau.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Естай БОЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген иінінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒА
МАУСЫМЫНДА
69 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
34 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жекіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% деңгейі Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жекіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ
104

QAZAQGAZ

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCKx3M2x1CHx68r1gdyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz



ЭЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

АҚШ АСЫРАҒАН АРУ...

жүрек түкпіріндегі жан сырымен бөліседі

«Шетелдегі қазақ балалары» бағдарламасында жан сырын ақтарған Динара есімді қазақ қызының бүкпесіз әңгімесін газетіміздің өткен нөмірінде өздеріңізбен бөліскен болатынбыз. Ал бүгін Сабинаны тыңдаймыз. Ол 23 жаста. Астанада өмірге келген, сегіз айлығында мұхит асқан қазақ қызы. Ол бұған дейін Facebook арқылы «Өмірде бар, жер басып жүрген биологиялық анамды іздеймін» деген жазба қалдырған болатын.

ЕКІНШІ ОҚИҒА:

Нұржамал
ӘЛШЕВА

АНАММЕН ТІЛДЕСЕ АЛМАДЫМ...



деген сенімі аз болады. Жалпы, баланың алғашқы эмоциялық әсерлері анасынан беріледі. Нәресте құрсақта жатқан сәттен бастап бәрін сезеді. Анасының оны өмірге келген соң тастап кетуге бекініп жүргенін, өміріне қауіп төнгенін сезеді және өмірде бейсаналы түрде осы қатерлі сезіммен тірлік кешеді.

Бірақ мұның неден туындағанын түсінбейді. Тұпсанада бәрі сақталады. Мен өзіме бейсаналы түрде үнемі жетіспей тұрған бір нәрсені іздеп келіпін.

Асырап алған адамдар менен қамқорлығын аяған жоқ. Бірақ бәрібір бір асыл дүниемді жоғалтқандай күй кештім.

— Мен Вирджиния штатындағы (АҚШ) ауыл-аймақта өстім. Ата-анам әлі күнге сол жақта тұрады. Үйіміз кішкентай болса да, жеріміз кең. Мал шаруашылығымен айналыстық, қой, сиыр, жылқы ұстадық. Иттерді жақсы көремін.

Университетте оқып жүргенде асырап алынған балалар жайлы эссе жаздым. Тастанды балалардың өзіне, айналасына

— Мені бағып алған әке-шешем қашан туған ата-анасы жайлы сұрайды екен деп күтіп жүріпті. Генеология ғылымына қызығатын досым шежіре туралы айтқанға дейін мен шыққан тегім туралы мүлдем ойланбаппын. Сосын 2020 жылы анамнан сұрадым. Анам қолыма өзім туралы жазылған бүкіл құжатты ұстатты. Мен 2000 жылы 27 ақпанда Астанада дүниеге келіпін. Туу туралы куәлігімде шын аты-жөнім Асқарқызы Сабина Ыдырысова деп жазылған. Туған анам туралы да ақпарат бар екен. Оның екінші перзенті екенмін. Мені туғанда 29 жаста болған. Мені тастап кетерде өзінің мекенжайын қалдырыпты. Бірақ полиция қызметкерлері іздеп таппапты. Ондай мекенжай атымен жоқ екен. Құжатта туған анамның аты-жөні Гүлнар Мұхиддинқызы Ыдырысова, ал әкемнің аты-жөні Асқар Ыдырысов деп жазылған. Әлеуметтік желіден іздеп таппадым. Қазақтарда Гүлнар, Асқар деген есімдер өте көп екен. Көңілім түсіп, іздеудің еш мәні жоғын түсіндім. Олардың түрін, қандай болғанын мүлдем білмей кетемін деп күрсіндім. Ойлауға тырыстым. Тек өткен жолы досым тағы сұраған соң, «тағы бір іздеп көрейінші» деп жаздым.

— Менің жазбама Қазақстан халқы соншалықты назар аударады деп ойламадым. Facebook-та, Instagram-да көп адам жазды. Ақпарат сайттарында жарияланды. Түрлі пікірлер оқыдым. Кейбіреулер «туған ата-ананды табатынына сенеміз» десе, кейбіреулер «не үшін іздейсің, сені тастап кеткен адамдарды қайтесің, тапқан күнде де жүрегіңді ауыртасың» деп жазып жатты.

Шынымды айтсам, қазақ халқының неге осыншалықты мән беріп, жан-жаққа жария-



лап жатқанына таңғалдым. Сосын анамнан сұрадым. Анам: «Қазақ халқының сондай ерекше қасиеті бар. Егер бір қазақ көмекке мұқтаж болса, бәрі жабылып қолдайды. Бір отбасы сияқты бірігеді. Қазақтың болмысы сондай, бір-біріне жанашыр. Қанымыз бір деп араша түседі, көмектеседі. Отбасылық құндылықтарды қатты дәріптейді», — деді.

Бір күні Сабинаға Қазақстаннан хат келді. Бірақ туған анасынан емес. Сол адамның әпкесінен екен. Алыстағы апайы «Сенің табылғаныңды сіңліме айтып едім, үндемеді. Көңіліңе алма. Мен-ақ сенің анаң болайын» депті хат иесі.


— Анамның әпкесі бірінші рет хат жазғанда, оны түсіну үшін маған уақыт керек болды. Бір кезде барып өз-өзімнен өксіп тұрып жыладым. Маған не болды сонша деп өзіме таңғалдым. Шыққан тегімді білгім келіп, іздеуді бастағанда, көңілді, қызықты зерттеу жүргізіп жатқандай болғанмын. Бірақ туысқан әпке-сіңлілерім жаза бастағанда, суреттерін жібергенде, жүрегім сыздап қоя берді. Өне бойым шымырлап, кеуде тұсым шаншыды. Қатты жыладым. Ұзақ жыладым.

Бұл қиын екен. Мүлдем басқа әлем, өзге өмір. Мен сүруге тиіс өмір еді. Бұл жәй әншейін ермек емес. Зерттеу емес. Бұл — адамның тағдыры. Менің тағдырым. Өзімнің бір бөлігім үнемі бір сұрақтардың жауабын іздеп жүріпті. Ол «мені неге тастап кетті, мен кіммін, туған ата-анам кім?» деген сұрақтар еді. Жанымның бір бөлшегі өзін жоғалтып алғандай, айдала жападан-жалғыз қалғандай күй кешіппін.

— Туған анамның неге менімен байланысқа шыққысы келмейтінін түсінемін. Егер бұл ашуға болмайтын құпия болса, осы өмірде менің бар екенімді ешкім білмеуге тиіс болса, туған әкеме қатысты айтылмауға тиіс әлдеқандай сыр бар болса, қиналсам да көнер едім. Мен оның жеке өміріне қол сұғудан аулақпын. Бірақ өзімнің шыққан тегім туралы білгім келеді. Асырап алған анам өте мейірбан адам. Бірақ бәрібір де туған анамның сипатын аңсаймын. Ол менімен араласпай-ақ қойсын, тек туған анам екенін мойындаса болды, жаным тынышталар еді...



КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 495,14 теңге



USD/KZT 465,14 теңге



RUB/KZT 5,01 теңге



CNY/KZT 63,58 теңге